



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№17 (657)
23 СӘУІР,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ



Нұрғали АҚЫЛБЕКОВ:

ҒЫЛЫМ ТҰТАС КӨЛІК ШЫҒАРМАЙ, БӨЛШЕГІН ШЫҒАРСА ДА ДАМИДЫ

Әлем бір орнында тұрмайды. Дамып, өркендеп жатыр. Әлбетте, барлығының басында ғылым тұр. Ғылымның көсегесі көгермей, тірлік өнбейді. Бұл – әлімсақтан келе жатқан ұстаным. «Ғылым таппай мақтанба» деген Абай осыны біліп айтқан шығар...

Қазақ ғылымы, оның ішіндегі Сырдағы ғылым қаншалықты дамып жатыр? Бүгінгі ғалымдардың ашқан тың жаңалығы бар ма? Ғылымнан өндіріске қалай қадам басып келеміз? Ойдағы сауалды ҚР Президенті жанындағы ҰҒА Жас ғалымдар кеңесі президиумының мүшесі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың бас ғылыми қызметкері, PhD, қауымдастырылған профессор (доцент) Нұрғали Ақылбековтен сұраған едік.

5-BETTE

Бүгінгі көпшілік таң мен кештің арасында қарбаласып жүріп тамақтану режимін бұзып алған. Себебі қауырт жұмыс таңғы асты түске, түскі асты кешке қалдырып жатады. Кейде тіпті дүкен сөрелерінде тұрған жеңіл тамақпен жүрек жалғап, жүре береді. Бәлкім, бұл қатарда сіз де барсыз. Ал қазақ «Ауру – астан» дейді. Расында да солай. Өйткені дұрыс тамақтанбау адамды ауруға әкеп соғады. Одан қалды қазір ас дайындағанда да табиғи өнімді дүкеннен сатып алууды күп көретіндер көп. Олардың да пайда не зиянына мен беріп жатқандары саусақпен санарлық.

КОЛЛАЖ А.НҰР



Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің хабарлауынша, елге сырттан келетін өнімдерден көп жағдайда күмәнді қоспалар табылады. Азық-түлік мамандары дәл осы импорттық өнімдерді сатып аларда, мұқият болуға шақырады. Бүгінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 200-ден астам ауру қауіпті тағамнан болатынын хабарлайды.

ДАСТАРҚАНДАҒЫ АС ТА АЛАНДАТАДЫ

3

БҮГІН — ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ



ХАКАТОНДА МИЛЛИОН ҰТҚАН ЖОБА

Бір жылдары көшеде кездесіп қалатын Ерсыыл мен Мадібек күні көше қанжығаларына бір миллион теңге байлады. Өмір деген қызық, иә?! Тағдырдың не дайындағанын білмейсіз...

250-ге жуық адам қатысқан «Amanat Ideathon» хакатонында бас жүлде иеленген жастардың бірі кезінде далада аяқ астынан танысқандарын айтты. Сол таныстық міне достыққа, ортақ жұмысқа ұласып, тіпті жеңімпаз атандырды.

Мадібек Маратұлы – 20 жаста, бүгінде ол ҚазҒАСА университетінің 4 курс студенті. Ал досы, әрі сенімді серігі Ерсыыл Сарыбаев қаладағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 8 сыныбында оқиды.

Иә, жақында қалада әлеуметтік маңызы бар

инновациялық идеяларға арналған «Amanat Ideathon» өтті. Байқауға Астана қаласы, Ақтөбе мен Қарағанды облыстарынан, сондай-ақ Қызылорда қаласы мен барлық ауданнан 100-ден астам жоба қабылданып, ақтық кезенге 250-ге жуық адам қатысты. Қатысушылар қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жобаларын ұсынды. Ал бұл стартаптерлерге таптырмас мүмкіндік. Себебі хакатон аясында болашақ тұтынушыңды, серіктестермен қатар демеушіңді де тауып, жобаны нақты өнімге айналдыруға бір қадам жақындайсың.



ЖАҚСЫ ОРТАДА ЖҮРГЕН АДАМНЫҢ ТАЛАБЫ ДА, ТАЛҒАМЫ ДА ЖОҒАРЫ БОЛАДЫ


Армандар орындала ма, әлде оларды орындау керек пе? Біз бүгінгі кейіпкеріміз Жанбота Байділдамен бірге осы сұрақтың жауабын іздейміз. Университеттің «Үздік түлегі» атануды мақсат етіп, енді міне, өліміздің ең беделді оқу орнында білім беру саласындағы көшбасшылықты зерттеп жүрген Жанботаның жетістікке жетудегі сыры қандай? Бірге білейік.

Жанбота БАЙДІЛДА:

– Сұхбатты студенттік шақтан бастасак. Алғаш университет табалдырығын аттаған кез есіңізде ме? 18 жасар Жанботаның арманы мен қазіргі Жанботаның мақсаты қандай?
– Иә, әрине, ол күндер әлі де жадымда. 2019 жылы Білім-инновация лицейін тәмамдап, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Екі шет тілі» мамандығына оқуға түстім. 11-сыныпта студенттік шағымды Астана немесе Алматы сияқты ірі қалаларда өткізуді жоспарлаған едім. Алайда Қорқыт ата университетіне грантка түскен соң, туған қаламда қалуды жөн көрдім. Сол сәтте алдыма «осы мүмкіндікті барынша тиімді пайдаланамын» деген ұстанымды алдыға қойдым.

Ең алғашқы үлкен арманым – университеттің «Үздік түлегі» атану. Болашақ ағылшын тілі маманы болғандықтан, денгейімді барынша арттыруды көздедім. Мен үшін жаңа білім алу мен тың дағдыларды меңгеру – бала кезден келе жатқан басты ұстанымым. Ал тілді меңгеру үшін тәжірибе керек. Сондықтан бірінші курстан бастап жұмыс істегім келді. Тәжірибем болмаса да, ұстаздық жолды бастау – үлкен арманым еді. Қазір артқа қарасам, сол армандарымның көбі орындалыпты. Бірақ білім алу – тоқтамайтын процесс, сондықтан қазіргі мақсаттарым бұрынғыдан да ауқымдырақ.

4-BETTE



КОЛЛАЖ ЖАСТАР

Жұмыс бабымен орта мектепке ат басын бұрғанбыз. Мұғалім оқушыларға ашық сабақ өтіп жатыр екен. Тіпті мектеп бітіргенімізге он жылға таяса да, біздің өзіміз оқушы сезініп қалдық. Жай ғана оқушы емес, ұстаздан бағы жанған шәкірт десек, жарасар. Ұстаздың айтқан әрбір сөзі санамызға сәуле шашып, жан дүниемізге еніп кеткендей. Тақырып ұғыңқы, түсінікті, тіпті әдіс-тәсілі де бөлек. Жанымызда тұрған басылары біздің таңырқаған кейіпімізге қарап, «Педагогедждің мектебінен өткен» деп мақтаным білдірді.

Иә, Қызылордадағы тарихы тереңнен тамыр тартқан осы Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің аты Алашқа тарағаны емес пе?! Осы жерден білім алып, қанат қалқан талай түлек еліміздің түкпір-түкпірінде шәкірт тәрбиелеп жүр. Қарашанырақ емей, немене?!

Ал Қызылорданың қай мектебіне барсаңыз да, осы оқу орнын бітірген жанның кемінде онын кезіктіресіз. Еңбегі ақталып, тәуелсіз қазақ елінің жас ұрпағының

санасына білім нәрін құйып жүрген осынау оқу орнына барып, танысып, тыныс-тіршілігін көріп қайтуды жөн санағанымыздың себебі де осында жатса керек.

Міне, студентті жас маман, жас маманнан мұғалім, кейін ұстаз деген атқа лайық етіп тәрбиелейтін оқу орнына келдік. Әлгіде «педагогедждің мектебінен өткен» дегенді естіп алғанымыз бар... Оқу орнының директоры Жақсыгүл Тоғановамен асығыс сәлемдесіп, «педагогедждің мектебі» жайында сұрай бастадық.

ҰСТАЗДАР ҰСТАХАНАСЫ

ӨНЕР ОРДАСЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ



Осыдан тура бір ғасыр бұрын қазақ театр өнерінің іргетасы Қызылорда қаласында қаланды. Арада жүз жыл салып, киелі өнердің заманауи ғимараты бой көтермек. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың, құқық қорғау органдарының басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағаларының қатысуымен Президент саябағының аумағында жаңа драма театрдың қапсуласын салу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа нысан құрылысының басталуымен құттықтап, театр жұмысынан үлкен сенім артатынын жеткесті.

Театр ұлтымыздың болмыс-бітімін сақтауға, руханиятты байытуға зор үлес қосып келеді. Жетпіс жылдан астам тарихы бар, қазақ театр өркениетінің қарашаңырағы Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театры – Сыр өңірінің мәдени өмірінің ажырамас бөлігі. Бүгінде репертуарында

60-тан астам қойылым бар. Шығармашылық ұжым жыл сайын 70 мыңнан астам көрерменге рухани азық сыйлайды.

Президент саябағы аумағында іргетасы қаланатын жаңа театр – төл өнерімізді түлететін, жас буынның шығармашылық әлеуетін шыңдайтын, ұлттың жаны сөйлейтін киелі мекен болады деп сенеміз – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Қызылорда – қазақ театр өнерінің негізі қаланған жер. Бір ғасыр бұрын жаңадан құрылған ұлттық театрдың

алғашқы қойылымы осында сахналанды. Сыр жұртшылығы халқымыздың асыл мұраттарын, құндылықтарын сахна арқылы ұрпақ санасына сіңіріп келген ұлт театрының Қызылордадан бастау алғанын мақтан тұтады.

Рәсімде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хусейін Әмір-Темір «Қазақтың ұлттық кәсіби театрының шымылдығы түрілген Қызылордада бір ғасырдан соң жаңа ғимараттың іргетасы қалануының өзіндік мәні бар. Жаңа ғимарат өнердің алып белесіне алып келеді деп ойлаймын» деп ізгі тілегін білдірді.

«ВД Строй Инжиниринг» ЖШС-нің бас директоры Азамат Өсімбековтың айтуынша, театр 510 көрерменге есептеліп, жаңа ғимарат 2 жыл көлемінде аяқталады.

2022 жылдан бері өңірде 22 мәдениет нысаны жаңадан салынып, ел игілігіне берілді. Барлық ауданда «Руханият орталықтары» ашылды. Облыстың бас шаһарында «Өнер орталығы», «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», «Оқушылар сарайы» бой көтерді.

Быттыр Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына орай облыстық тарихи-өлкетану музейінің, Ассамблеяның 30 жылдығына орай «Қазатомөнеркәсіп» компаниясының қолдауымен «Достық үйінің» жаңа ғимараты салынды. Кейінгі жылдары «Сыр жұлдыздары» академиясы, Жалағаш, Жаңақорған, Шиели аудандарында «Өнер мектебі» мен «Оқушылар үйі» іске қосылды.

Бұл – Қызылорданың руханияты мен мәдениеті жаңғырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеген, болашақта көркем келбетімен көз тартар заманауи қалаға айналып жатқанының белгісі.

Мейір НИЕТ

ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Құрылыс саласы – кез келген мемлекеттің экономикалық дамуының негізгі тіректерінің бірі. Қала мен ауылдың келбетін қалыптастырып, халықтың өмір сүру сапасын арттыратын бұл сала кейінгі жылдары қарқынды дамып келеді. Заманауи технологиялар мен жаңа материалдардың пайдаланылуы құрылыс сапасын жаңа деңгейге көтерді.

Бүгінде құрылыс тек үй тұрғызумен шектелмейді. Ол – күрделі инженерлік жүйелерді, инфрақұрылымды, өндірістік нысандарды салуды қамтитын ауқымды сала. Әсіресе тұрғын үй құрылысы, жол салу, көпірлер мен әлеуметтік нысандар тұрғызу жұмыстары ел экономикасының дамуымен тікелей байланысты.

Тас қалау – шеберліктің негізі

Құрылыс жұмыстарының маңызды кезеңдерінің бірі – тас қалау. Бұл жұмыс үлкен дәлдік пен тәжірибені талап етеді. Тас қалаушы әр кірпішті



өз орнына дұрыс орналастырып, құрылымның беріктігін қамтамасыз етеді. Дұрыс қаланған кірпіш қабырғалар жылуды жақсы сақтап, ғимараттың ұзақ жылдар бойы қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Тас қалау кезінде қолданылатын материалдардың сапасы да ерекше маңызға ие. Қазір керамикалық кірпіш, газоблок, пеноблок сияқты материалдар кеңінен қолданылады. Олар жеңіл, берік және жылу өткізгіштігі төмен болғандықтан, құрылысшылар үшін тиімді шешім.

Бетон – беріктіктің символы

Құрылыс саласында бетонсыз ешбір жоба жүзеге аспайды. Бетон – цемент, құм, қиыршық тас және судың қоспасынан тұратын әмбебап құрылыс материалы. Оның басты артықшылығы – жоғары беріктік пен ұзақ мерзімділік.

Заманауи құрылыста темірбетон конструкциялары кеңінен қолданылады. Бұл технология ғимараттардың төзімділігін арттырып, жер сілкінісі сияқты табиғи апаттарға қарсы тұруға

мүмкіндік береді. Сонымен қатар бетонды түрлі пішінге келтіруге болатындықтан, сәулетшілерге ерекше дизайн жасауға жол ашады.

Заманауи технологиялар – сапа кепілі

Кейінгі жылдары құрылыс саласына цифрлық технологиялар енгізіліп, жұмыс тиімділігі айтарлықтай артты. 3D жобалау, автоматтандырылған есептеу жүйелері және жаңа құрылыс әдістері уақытты үнемдеп, шығынды азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар экологиялық таза материалдарды пайдалану да басты назарда. «Жасыл құрылыс» ұғымы кеңінен таралып, энергияны үнемдейтін үйлер салу үрдісі дамып келеді. Бұл тек табиғатты қорғауға ғана емес, тұрғындардың шығындарын азайтуға да ықпал етеді.

Гүлнұр КАНГЕРЕЕВА,

Арал индустриалды-техникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері

Бар игілік – балаға. Быттыр көпқабатты 20 тұрғын үйдің ауласына жалпы құны 1,3 миллиард теңгеге заманауи үлгідегі спорт және балалар алаңдарының құрылысы жүргізілді. Ал бүгінде Қызылорда қаласы бойынша көпқабатты 30 тұрғын үйдің ауласындағы ойын және спорт алаңдарына қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Жоспар бойынша жұмыс қараша айында аяқталуға тиіс. Алайда қала әкімі Нұржан Ахатов құрылыс жұмыстарын қарашада емес, тамыз айында аяқтауды тапсырды.

ЖАҢАРҒАН АУЛАҒА БАЛАЛАР ДА РИЗА



Қазір құрылыс жұмыстары қаланың «Астана» және «Шұғыла» шағын аудандарында, сондай-ақ Қорқыт ата көшесі бойында орналасқан көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларына жүргізілуде.

2025 жылы аяқталған құрылыс жұмыстарының нәтижесінде, бүгінде 20 көпқабатты тұрғын үйдің ауласында ойын және спорт алаңдары жаңадан тыныстады. Стандартқа сай жабдықталған, балаларға да ыңғайлы және жасөспірімдерге арналған шағын футбол алаңдары да жанданып, қолдануға берілді.

Кейбір көше бұзақылары мен әлеуметтік осал топ өкілдері алаңдарды ластап, бүлдіріп немесе қиратып кеткен оқиғалар да кездеседі. Бұндай жағдайда жауапты мердігер мекеме – «Еңбек» РМК 3 жылға дейін кепілдік беру арқылы, бұзылған орындарды жөндеп, қалпына келтіреді. Жазасын өтеуші азаматтарды жұмыспен қамту бағдарламасы аясында 40 адам жұмыспен қамтылып, кәсіби дағдыларын дамытуға мүмкіндік алуда, – дейді RS-жол сервис мекемесінің директоры Руслан Ысмағұлұлы.

Ойын және спорт алаңдарының құрылысына қатысты арнайы баспасөз туры кезінде қала әкімі Нұржан Ахатов балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оларды спортқа баулу және қауіпсіз орта қалыптастыру – негізгі міндеттің бірі екенін атап өтті.

Осы бағытта қала бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Биыл бюджеттен арнайы қаржы бөліп, бірнеше шағын ауданда жаңа ойын және спорт алаңдарының құрылысын бастадық. Бұл алаңдар заманауи талаптарға сай салынып, балалардың

қауіпсіздігі толық ескеріледі.

Біз үшін ең бастысы – әрбір баланың өз ауласында ойнап, спортпен айналысуына мүмкіндік жасау. Сондықтан бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасуды қала аумағында мұндай нысандардың санын кезең-кезеңімен арттыруды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар құрылыс сапасы мен пайдаланылатын материалдардың талапқа сай болуына ерекше көңіл бөлінуде. Барлық жұмыстар тиісті бақылауда болады, – деді ол.

Сонымен қатар әкім тұрғындардың ұсыныстары да ескерілетінін атап өтті.

Жаңа алаңдардың сапасына балалар да дән риза. Аулада ойнап жүрген кішкентай тұрғынның бірі:

– Жаңадан жасалған алаң өте қатты ұнады, барлығы жаңа, әдемі, заманға сай жасалған. Сабақтан кейін, демалыс күндері достарымызбен келіп ойнаймыз, – деп ойымен бөлісті.

Сонымен қатар «алдағы уақытта жарық тартылса екен» деген тілегін де жеткізді.

Жалпы қалада қолға алынған бұл жұмыстар балалар үшін жайлы орта қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Жаңа алаңдар тек ойын ойнайтын орын емес, балалардың бір-бірімен араласып, уақытын пайдалы өткізуіне мүмкіндік береді. Бүгінгі атқарылып жатқан жұмыстар ертеңгі ұрпақтың сапалы өсуіне ықпал ететіні анық. Тұрғындардың да, балалардың да пікірлері ескеріліп жатқаны бұл бастаманың маңызын арттыра түседі.

Ақбота ҚОЛҒАНАТ

Басы 1-бетте

ХАКАТОНДА МИЛЛИОН ҰТҚАН ЖОБА

Хакатон барысында қатысушылар PropTech, MedTech, LegalTech, EdTech және Community Tech бағыттары бойынша жобаларын қорғады. Ал оны 6 сарапшыдан тұратын қазылар алқасы бағалады.

Байқаудың қорытындысы бойынша EdTech бағытында «Qozu» мобильді қосымшасын таныстырған Мадибек Жолдасбек пен Ерасыл Сарыбаев 1 000 000 теңге жеңіп алды. Үздіктер марапатталғаннан кейін бірден Мадибектен пікір алдық. Жеңімпаз қуанышын жасырмай, хакатонның олар үшін үлкен тәжірибе болғанын айтты.

– Сарапшылардан да кері байланыс алдық. Біздің жобамыздың қоғамға пайдалы болатынына сеніміміз артты, – деді ол.

Кейін асықпай жүздесіп, жобаның мақсатын сұрадық. Мадибектің өзі ағылшын мен

түрік тілінде жақсы сөйлейді. Кейін «неге өзге тілді оңай және қызық форматта үйрен алатын қосымша жасамасқа?» деген ой туып, «Qozu» мобильді қосымшасының жұмысын бастаған. Алғашында негізгі мақсат алыс аудан мен ауыл халқына шеттілін жеңіл меңгеруге көмектесетін қосымша жасап, білімді қолжетімді етуді жоспарлаған. Кейін тек шалғай жерлермен ғана шектелмей, барлығына да қолжетімді, тіл үйренемін, білім келеді деген жастарға да, егде жастағы кісілерге де көмектесетін қосымша ретінде дамытқан. Қазір оны App Store мен Google Play арқылы жүктеп алуға болады. Қосымша арқылы қолданушылар тіл үйреніп жүрген басқа адамдармен байланыс орнатып, бейнеқоңырау арқылы сөйлесе алады. Сондай-ақ мұнда тіл меңгеруді жеңілдететін түрлі құралдар қарастырылған:



shadowing әдісі арқылы айтылымды жаттықтыру, speaking бөлімі арқылы шынайы диалог жүргізу, флэшкарталар көмегімен сөздік қорды кеңейту мүмкіндігі бар.

Бұдан бөлек, А1-ден В2 деңгейіне дейінгі видеосабактар ұсынылады, онда грамматиканы кәсіби мұғалімдер түсіндіреді. Негізгі мұндай курстардың бағасы

деңгейіне қарай 10-15 мың теңге аралығында болса, бұл қосымша арқылы айына небәрі 3500 теңгеге білім алуға болады. Қалған функциялардың барлығы тегін ұсынылған.

Қосымша әзірге ағылшын тілін үйренуге қызығушылық танытқан қазақ аудиториясына бағытталған. Пайдаланушы жанысын, жасын және тіл деңгейін белгілеп, өзіне сәйкес сөйлесетін серіктес таба алады. Алдағы уақытта платформаға басқа тілдер де қосылып, жоба авторлары қосымшаны өзге елдің де нарығына әкелуді жоспарлап отыр.

Ал білім грантының иегері Көркем Мұхаммеджанова – №135 мектептің оқушысы. Ол Qos Qanat жобасын ұсынды. Жоба авторының айтуынша, идея әлеуметтік желіде хакатон туралы ақпаратты көргеннен кейін пайда болған.

– Иә, хакатонға қатысып, бақ сынауды жөн көрдік. Ал жоба жасау үшін алдымен командамен «Қазір бізде нақты қандай проблема бар?» деген сауалға жауап іздедік.

Осылайша оқушыларға арналған қосымша жасау идеясы келді. Себебі бітіруші түлектер ҰБТ-ға дайындалу үшін түрлі қосымша курсқа қатысып, айына кем дегенде 100 мың теңге жұмсайды. Сондықтан тегін, қолжетімді әрі қызықты платформа жасайық. Мұнда оқушылардың тек тест пен теория арқылы емес, интерактивті форматта оқытуға бағытталған, – дейді Көркем Мұхаммеджанова.

Қосымшада екі ассистенті бар оқу жүйесі, quiz форматындағы тапсырмалар, шағын ойындар мен анимациялық видеосабактар қарастырылған.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Басы 1-бетте



Сырттан келетін тауар сапасыз...

Өкінішке қарай, сырттан келетін тауардың бәрін арнайы сынама алынып, жаппай тексеруге жіберілмейді. Егер азық-түлік тауарларының сертификаты мен құжаты дұрыс болса, бірден дүкен сөрелеріне қойылады екен. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті шағым түссе немесе жоспарлы түрде ғана кей өнімдерді зерттеуден өткізеді. Комитет былтыр 22 мыңнан аса өнімге тексеру жүргізіп, оның 11,4%-ы талапқа сай емес екенін анықтаған. Сол қауіпті тағамдардың 74%-ы сырттан жеткізілген көрінеді. 22 мың тауарды тексеру нәтижесінде, 137 әкімшілік іс қозғалып, 25 миллион теңгеден аса көлемде айыппұл салынды, 753 тергеу жүргізілген. Тауар айналымындағы 5,2 тонна тамақ өнімі сатылымнан алынған. Бұл – жалпы өнімнің тексерілген бір пайызы ғана. Тексерілмеген өнімдердің ішінде қандай қауіпті өнімдер барын дәлелдей алу мүмкін емес. Былтыр зерттеуден өткен өнімдердің дені Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдерінің тамақ өнімдеріне тиесілі, оның ішінде 1 271 (9,5%) сынама техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмеген.

«Импорттық тауарлардың ішінде шұжық өнімдерін таңдарда, күмәнмен қарау керек» дейді мамандар. Себебі сиыр еті деп сатылған шұжықтардың құрамынан сиыр емес, тауық еті табылған, кейбірінің құрамынан шошқа еті анықталған. Бұл туралы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің бас сарапшысы Дана Қасқатаева:

– Шетелден жеткізілген өнімдер, ЕАЭО елдеріне тиесілі, оның ішінде Ресейден келген өнімдердің құрамынан жаппай бактериялық ластану, ішек таяқшалары мен шошқа ДНҚ-лары анықталды. Қазір бұл тауарлар сатудан алынып тасталды, жойылды, – деп есеп берген болатын. Былтыр елге 40 мың тоннадан аса шұжық өнімдері импортталған болса, өнімнің бәрін зерттеу жүрмегенін ескерсек, расымен де, абай болғанмыз абзал.

Тауық етіне де күмән көп

Мәліметке сүйенсек, кейінгі кезде Қытайдан контрабандалық жолмен жеткізілетін тауық еті көбейген. Көрші елде құс тұмауы таралып, Қазақстан бұл елден құс өнімдерін импорттауға 15 жылға тыйым салған еді. Соған қарамастан, алаяқ кәсіпкерлер түрлі айла-шарғыға барып, құжаттарға басқа тауар атын көрсетіп, тауық етін заңсыз

кіргізіп жатыр. Жақында шекарашылардың қырағылығының арқасында 42 тоннадан аса күмәнді ет кері қайтарылған. Өкінішке қарай, бұл – анықталған жалғыз жағдай. Қазір шекара арқылы күмәнді құс еті тоқтаусыз өтіп, ішкі нарыққа кеңінен тарап жатыр. Ал оның көлемін дәл анықтау мүмкін болмай тұр. Елге былтыр 120 мың тоннадан аса тауық еті сырттан жеткізілген. Бұл – нарыққа қажетті өнімнің шамамен 20%-ы. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті былтыр құс өнімдерінің 1 197-сіне сынама жүргізіп, оның 80%-ы таңбалау бойынша сәйкес келмесе, қалғаны ылғалдың мөлшерден тыс болуы, физикалық-химиялық, бактериологиялық талаптарға сай болмаған. Азық-түлік мамандары тауық етінен төніп тұрған қауіп орасан дейді. Осы жағдайға байланысты нутрициолог мамандары былай дейді.

– Құс тұмауы, ең алдымен, құстар арасында тарайтын вирус. Егер ет санитарлық талаптарға сай өңделіп, толық термиялық өңдеуден өтсе, қауіп айтарлықтай төмендейді, алайда мәселе заңсыз әкелінген өнімде болып тұр. Мұндай ет ветеринарлық бақылаудан өтпеуі мүмкін, дұрыс сақталмауы ықтимал, ет құрамында антибиотик қалдықтары, бұдан өзге де зиянды қоспалар кездеседі. Дұрыс сақталмаған тауық етінде сальмонелла секілді бактериялар көбейіп, адамды улануға әкеп соқтыруы мүмкін. Негізгі қауіп – вирустың өзі емес, бақылаусыз, сапасыз өнім. Дұрыс тамақтану маманы ретінде айтарым: етті тексерілген, ресми сауда орындарынан алу керек және міндетті түрде толық пісіріп қолдану маңызды, – дейді өмір салтын өзгерту және тамақтану мәдениеті бойынша маман Аңсаған Аллабергенқызы.

Қоғам арасында тауық етіне қатысты түрлі жалған ақпарат та басылмай тұр. Мысалы, кей мамандар тауықты тез өсіріп, молырақ өнім алу үшін гормондар қолданылады деседі. Ал мұндай гормондық дәрілер балалардың физиологиясына, ерте жетілуіне әсер етеді деген пікірлер бар.

– «Тауықтағы гормондар балалардың ерте жетілуіне әкеледі» деген әңгімелер көп айтылады, бірақ бұл – миф. Иә, мал шаруашылығында гормоналды препараттар қолданылады, бірақ олар қатаң ережелермен, белгілі мақсатта (мысалы, сиырлардың көбеюін реттеу немесе ауруларды емдеу үшін)

ДАСТАРҚАНДАҒЫ АС ТА АЛАҢДАТАДЫ

пайдаланылады. Әрбір препараттың ағзада қалай тарайтыны және қанша уақытта шығарылатыны нақты зерттелген. Сондықтан «енді сүт ішпейміз, сиыр етін жемейміз» деген үзілді-кесілді қорытынды шығару – қате, – дейді бірінші санатты ересектер және балалар эндокринологы Гүлсана Тасмұрзақовы.

Оның пікірінше, әлемнің көп елінде тауық өсіруде гормондар қолдануға тыйым салынған. Әр тауыққа гормондық дәрілер егу – экономикалық тұрғыдан да, техникалық жағынан да тиімсіз.

Сонымен қатар сүт өнімдерінің 50%-ға жуығы импорттық тауарлардың үлесіне тиесілі. Мамандардың ескертуінше, сүт өнімдеріне де сақтықпен қараған абзал. Былтыр қаптамасын жалған ақпаратпен толтыру, сары май мен маргаринге транс майлар қосу, пальма, өсімдік майларын қолдану сынды фактілер анықталған. Қорыта келе, азық-түлік өнімдерін таңдарда, нені ескерген жөн?

– Өкінішке қарай, кейде шұжықтың құрамында сиыр емес, шошқа еті анықталатын жағдайлар кездеседі. Бұл – тұтынушыны алдау ғана емес, кей адамдар үшін діни және денсаулық тұрғысынан да маңызды мәселе. Әрдайым дүкенге барғанда, өнім қаптамасын мұқият қарап, құрамын оқып, өндіруші туралы ақпаратты, жарамдылық мерзімін тексеріп, қаптаманың бүтіндігіне мән бергеніңіз абзал және тым арзан өнімдерден сақ болыңыз. Егер өнім күмән тудырса, ең дұрыс шешім – сатып алмау, – дейді Аңсаған Аллабергенқызы.

Алдан сатушылар біздің елде де бар

Есте болса, жуырда еліміздегі бірнеше шай өнімінен қауіпті қоспалар табылып, сатуға мүлдем тыйым салынған еді. Оның ішінде «Апамның шайы», «Балкия Premium Gold», «Sultan Suleyman», «Aje onim», «Al-Hayat gold», «Al-Jannat Premium» және «Alfarah» секілді шай өнімдерін атап айтуға болады. Қызығы, мұның бәрі – отандық өндірушілердің жауапсыздығынан туындаған жағдай. Яғни азық-түлік алаяқтығы өз елімізде де бар. Бұдан өзге танымал өнімдердің фальсификаты анықталып жатқан жағдайлар да жетерлік. Мысалы, жуырда Шымкент қаласында MacCoffee сусынын заңсыз өндіретін цех анықталған еді. Алаяқтар жалған кофеңі антисанитарлық жағдайда, еден үстінде дайындап келген.

Құрамындағы қоспалардың да не екені белгісіз.

– Кофе, шай немесе танымал бренд атын жамылып, жалған өнімдер жасайтын алаяқтар көп. Мұндай фальсификат өнімдер санитарлық талапқа сай өндірілмеуі мүмкін, ал бұл денсаулыққа айтарлықтай қауіп төндірді. Жалған өнімдерден сақтану үшін азық-түлікті тек ресми дүкендерден алыңыз, белгісіз онлайн сатушылардан сақ болыңыз, өнім сыртындағы штрих коды мен жазудың сапасына мән беріп, танымал брендтің бағасы шектен тыс арзан болса, күмәнмен қарағаныңыз жөн. Тамақ – жай ғана ас емес, біздің иммунитетіміз, энергиямыз және ұзақ өмір сүруіміздің негізі. Сондықтан да сапаға әрдайым басымдық берген дұрыс, – дейді А.Аллабергенқызы.

Тәжірибелі мамандар тауар нарығында жүйені ретке келтіріп, бірінғайландыру қажетін айтады. Мысалы әлемнің көптеген елі азық-түлік бақылауын бір платформаға көшіріп, тауарды шикізат күйінен бастап, оны өңдеу, қаптау, сақтау, тасымалдау, дүкенге жеткізуге дейінгі әрбір кезеңді мұқият қадағалап, ұдайы тексеріп, бақылап отырады. Соның нәтижесінде тұтынушылар азық-түлікті еш күмәнсіз сатып алуына мүмкіндік бар. Сауда және

интеграция министрлігі бийлдан бастап Ұлттық тауарлар к а т о л о г ы н а (ҰТК) отандық және импорттық өнімдердің бәрі енетінін хабарлаған. Қазір ҰТК жобасы пилоттық кезеңнен өтіп жатыр. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап кәсіпкерлерге Қазақстандағы барлық тауарды сату үшін ҰТК-нен NTIN кодын (тауардың цифрлық паспортын) пайдалану міндеттелді. Осылайша, жаһандық цифрландыру талаптарына сай, тұтынушыға ашық, қауіпсіз және тиімді тауар нарығын құруға мүмкіндік тумақ. Сондықтан дұрыс тамақтаныңыз, әрбір азық-түлікті сатып алатын кезде мұқият көңіл бөліңіз. Өйткені сіздің денсаулығыңыз өз жауапкершілігіңізде.

Абзал ЖОЛТЕРЕК

ҚАРЫЗҒА ӨМІР СҮРУ ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙҒА АЙНАЛДЫ МА?

Банктің бастығын ағамыздай санап, не істесек те, несиеңі несібелей көрміз. Той – той ма, қазір шетелге шығу үшін, қазіргі тілмен айтқанда «гештальттарды жазу» үшін де несиеңің торына түсеміз. Бұрын ең болмағанда бір қарыздан құтыламыз деп, екіншіге бас ұратын едік қой... Қазіргі шама оған да жетпей қалған секілді ме, қалай өзі?

Бірақ мәселе тек тұтынуда емес, мәселе осы тұтынудың қаржылық салдарын қаншалықты түсінетінімізде. Банк секторындағы дерекке сүйенсек, халықтың былтыр қарызға алған несие көлемі 19,8%-ға артып, 24,8 триллион теңгені құраған. Қалайша өсім байқалмаса, халықтың 50,7%-ның банкке берешегі бар. Ең белсенді қарыз алушылар – 22-29 бен 50-62 жас аралығындағы азаматтар. Яғни, бір жағында еңбекке енді араласқан жастар болса, екінші жағында тұрақты табысы бар орта буын тұр.

Былтырғы қарыздың құрылымында тұтынушылық несиелер 21% өсіп, 16,7 трлн теңгеге жетті, ал ипотекалық қарыздар 14,6%-ға артқан. Ал авто-несиенің өсімі 42,4%, жалпы сомма 4 трлн теңге.

Бұл жердегі мәселе банкте немесе несие көлемінде емес. Негізгі фактор – қаржылық сауаттылық деңгейі.

Қарапайым тілмен айтқанда, көпшілік табыс пен шығынды жоспарлаудан гөрі, қысқа мерзімді қажеттілікті кредит арқылы жабуға бейім. Мамандардың айтуынша, дұрыс қаржылық тәртіптің қарапайым ережелері бар: табыстың кемінде бір бөлігін жинау, «қажеттілік» пен «эмоциялық тұтыну» ажырата білу. Сондықтан несие алатындардың көбейгенінен бөлек, сол несиеңі қалай басқарылып жатқаны да алаңдататын жағдай.

Қаржы жайында айтқанда, табыс деңгейін де ескерген жөн. Себебі табыс шектеулі болғанда, таңдау да шектеледі. Көп жағдайда жалақы азық-түлік, коммуналдық төлемдер, балаларға қажет зат пен тұрмыстық шығындарды то-



лық жаппайды. Ал мұндайда несиеге қаржылық демеу ретінде жүгінеміз. Бірақ мамандар өсім сақталғанымен, өткен жылдармен салыстырғанда қаржының біршама бәсеңдегені байқалатынын айтады. Мәселен, 2024 жылы өсім 23,9% болған. Ал кепілсіз тұтынушылық несиелердің өсу қарқыны 29,3%-дан 14,5%-ға дейін қысқарған. Агенттіктің төрағасы Мәдина Әбілкасымова да былтыр елдегі несие беру талаптарының күшеюі тұтынушылық кредиттердің қарқынын айтарлықтай төмендеткенін мәлімдеді. – Несие берудің қарқыны айтарлықтай төмендеді. Бұл өзгерісте заңның да әсері бар. Бұған дейін жыл сайын 30%-дан астам өсім көрсеткен тұтынушылық кредиттер қазір 6-7%-дан аспайды. Былтыр да осы деңгейі сақталды. 2026 жылдың басынан бері де бұл үрдіс жалғасып келеді, яғни, тұтынушылық кредит беру көлемі азайды, – деді агенттік төрағасы.

Сондай-ақ төлем мерзімін кешіктіру талаптары да қатанды.

– Егер қарыз алушының төлемі 1 күннен немесе 30 күннен астам уақытқа кешіктірілсе, микроқаржы ұйымдары мен банктер тарапынан шектеулер қолданылады. Біз қарыз алушыларды тәуекел деңгейіне қарай санаттарға бөлім. Жоғары тәуекел тобына жататын азаматтарға кредит берілмейді, – деді Мәдина Әбілкасымова.

Оның айтуынша, қарыздардың қайтарылмау көрсеткіші де төмендеген. Мысалы кейбір банктерде бұл көрсеткіш бұрын 9-10% болса, қазір 4%-дан төмен.

– Біз барлық қаржы ұйымдары бойынша жағдайды тұрақты бақылауда ұстап отырмыз, – деді ол.

Тағы да сандарға қарасақ, Ұлттық банктің мәліметіне сәйкес, 2025 жылғы 1 қазанға дейін банктердің тұтынушылық кредит портфелі 16,2 трлн теңгеге жеткен. Оның ішінде кепілсіз кредиттер жалпы портфельдің 71%, автокредит 23%-ын құрамаса, ал кепілді кредиттің өсімі – 22%.

Кепілсіз кредиттер қазір халықтың күнделікті және ұзақ мерзімді қажеттіліктерін өтеуде маңызды қаржылық құралға айналып отыр. Мұндай несиелердің құрылымына назар аударсақ, олардың басым бөлігі тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған. Атап айтқанда, барлық кредиттің 35%-ы құрылыс материалдарын сатып алу мен жиназ алуға жұмсалған.

10%-ы былтыр ірі тұрмыстық техниканы сатып алуға кепілсіз тауарлық кредиттерді пайдаланған. Бұл санатқа тоназытқыш, кір жуғыш машина, теледидар сияқты күнделікті өмірде қажетті құрылғылар кіреді.

Кредиттердің 8%-ы бизнес қажеттіліктерге бағытталса, дәл осындай үлес автокөлікке қатысты тауарларды алуға жұмсалады. Бұл көрсеткіштер шағын кәсіпкерлікті дамыту мен көлікке қызмет көрсету шығындарының да маңызды екенін көрсетеді.

Ал киім мен аяқ киім сатып алуға бөлінетін үлес 4%-ды құрайды. Сол сияқты, сұлулық пен денсаулыққа арналған тауарлар да 4% деңгейінде қалып отыр.

Жас ерекшеліктеріне келсек, ең көп үлесті 31-45 жас аралығындағы азаматтар құрайды – 46%. Бұл жас санаты, әдетте, қаржылық белсенділігі жоғары, отбасылық және тұрмыстық қажеттіліктері басым топ ретінде ерекшеленеді. Екінші орында 46-62 жас аралығындағы қарыз алушылар тұр, олардың үлесі 30%-ды құрайды. Бұл топ та тұрақты табыс көзі бар, қаржылық міндеттемелерді орындауға қабілетті азаматтар қатарынан саналады. Ал 22-30 жас аралығындағы жастардың үлесі 18% деңгейінде. 63 жастан жоғары азаматтардың үлесі небәрі 4%-ды құрайды. Ал 21 жасқа дейінгі жастар арасында қарыз алушылардың үлесі ең аз – 1%.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Суреттер ашық дереккөзден алынды



«Қайсар» — әйелдер арасында Қазақстан чемпионы

Волейболдан әйелдер арасындағы 34-ші ел чемпионатында өңірдегі «Қайсар» волейбол клубы чемпион атанды. Аймақ атын шығарып, Сырдың даңқын асырған спортшылар 12 команданың ішінен үздік шықты.

Бес кезеңнен тұратын сайысқа 12 команда қатысып, төртінші кезеңде 8 команда плей-офф ойындарына жолдама алды. Олардың қатарында атыраулық «Хиуаз», оралдық «Жайық», Павлодардан «Ертіс», Хромтаудан «Әлия», «Шымкент», «Тараз», «Астана СДД» және қызылордалық «Қайсар» бар. Топтық кезеңде «Әлия» мен «Ертіске» 3-1 есебімен есе жіберген «Қайсар» «Астана» мен «Жайықты» шаң қаптырып, жартылай финалға жолдама алған. Бұл кезеңде «Ертісті» 3-1 есебімен ойсырата жеңген олар финалда атыраулық «Хиуазбен» кездесті. Бұл кезеңді 3-2 есебімен аяқтап, жеңіс туын желбіреткен.

Командалық олжадан бөлек, «Қайсардың» қайсарлық танытқан қыздары Мөлдір Нұрлан, Әдемі Қияшева және Жанел Қоңырова арнайы номинациялармен марапатталды.

«Өрине бұл – ең алдымен бізге осындай мүмкіндік беріп, жеңіске жету жолында барынша қолдау көрсеткен басшылықтың арқасы. Қыздардың мықтылығы мен тынымсыз тер төгіп, жаттыққанымыздың да жемісті нәтижесі, – дейді команданың бапкері Дидар Сайын.

Айта кетейік, команда 2023 жылы құрылған. Сол жылы бірінші маусыммен өткізген ойыншылар 12 команданың ішінде бесінші орынға табан тіреген болатын. Жиган тәжірибе мен еңбегінің арқасында команда екінші маусымда бақ сынап, 8 команданың ішінде төртінші орынның тұғырына қонды. Ал үшінші маусым үздіктер көшін бастап, ел чемпионы деңгейіне көтеріп тұр.

Дәулет ҚЫРДАН

ЖАНБОТА БАЙДІЛДА: ЖАҚСЫ ОРТАДА ЖҮРГЕН АДАМНЫҢ ТАЛАБЫ ДА, ТАЛҒАМЫ ДА ЖОҒАРЫ БОЛАДЫ

Басы 1-бетте

– Назарбаев университетінде магистратурада білім алып, тәжірибе жинаудағы мақсатыңыз қандай? Бұл жақтың білім беру бағдарламасының дәстүрлі жүйеден айырмашылығы неде?

– Тек ағылшын тілі маманы ретінде қалыптасу ғана емес, сонымен бірге білім беру жүйесі мен саясатына үлес қосу. Міне, менің мақсатым – осы. Назарбаев университеті – бұл мақсатқа жету үшін таптырмас мекен. Бұл оқу орны Орталық Азия мен Қазақстандағы көшбасшы университет екені сөзсіз.

«Education Leadership», білім берудегі көшбасшылық және басқару бағдарламасында оқимын. Бұл мамандық маңызды шешімдер қабылдай алатын стратегиялық көшбасшыларды даярлауға арналған мамандық. Мұндағы профессорлық құрамның ғылыми әлеуеті өте жоғары. Университеттегі әр оқытушы – әлемнің топ жарған университеттерінің түлегі және өзінің шебері. Оқу жүйесі толықтай зерттеуге бағытталған. Біз бір пәнді 2 апта көлемінде меңгереміз, ал сабақтар көбіне пікірталас пен талқылауға бағытталған.

– Тіл менгеру, жоғары GPA, конференциялар мен қоғамдық белсенділік... Осының бәрін үлгеру үшін уақытты қалай басқарасыз?

– Мұхтар Шаханов ағамыз «Мәңгі лаулап жану үшін галамда,

Үлкен бақыт табу үшін галамда,

Үлкен болып қалу үшін галамда,

Үлкен арман керек екен адамға» деп айтқанын, жетістіктерім, тынымсыз тіл меңгеру үшін жұмыс істеп, волонтерлық жұмыстарда белсенділік танытуым – мұның бәрі арманымға жету үшін көмектесетін құрал. Осы белестерді бағындыру үшін уақытты тиімді пайдалануды – басты дағды деп қарастырдым. Ол үшін бірнеше әдісті пайдаланамын. Бұл туралы кітаптарды көп оқыдым. Оның жалғасы ретінде айтылған кеңестерді өмірде жүзеге асырамын. Алға қойған мақсатымды, жоспарымды күнтізбеге жазамын. Одан кейін – тұрақтылық. Үлкен нәтижеге жету үшін кішкентай, бірақ жүйелі өсім қажет. Бір күнде бәрі өзгеріп кетпесі анық. Үшіншіден, жоспарға сай бәрін бақылауда ұстау қажет. Мен күнделікті өзіме есеп беремін. Егер осы есептер жоғары GPA қаласам, ол үшін сабақта белсенді, үй жұмысын тұрақты орындауым қажет.

– Назарбаев университетіне түсу – көптің арманы. Бірақ ол – тек үздіктер мекені. Сіз ол жаққа қалай түстіңіз? Оқиганыңызбен бөліссеніз.

– Бакалаврдан кейін білім алуды тоқтатпауды шештім. Біз әлі де білмейтін, зерттемеген тақырып көп. Бір жыл мектепте ағылшын тілінің мұғалімі болып жұмыс істедім. Сол кезде білім жүйесіндегі бірқатар мәселенің барын байқадым. Қай бағытта даму керетін түсінімді. Назарбаев университетіне түсу үшін арнайы емтихан, сұқбаттасу секілді бірнеше сатылық сынақтан өту керек. Қыста құжаттарды қабылдау басталды. Оның ішінде анкета,

мотивациялық, ұсыныс хат, резюме жазу сынды талаптар қойылды. Аталған құжаттарды реттегеннен кейін, екінші турға жолдама алдым.

Екінші кезең – интервью. Оған өте мұқият дайындалдым. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген, үлкен тәжірибесі бар профессорлармен сұқбаттасу мен үшін жаңа деңгей. Олар «Үстаз ретінде өзіне қалай мотивация бересіз? Алдағы 5-10 жылға жоспарың қандай?» деген креативті сұрақтар қойды. Мұндағы атмосфера өте жылы. Бірнеше айдан кейін шақырту келгенде, бойымда тек қуаныш емес, ел игілігі үшін қызмет етуім керек деген үлкен жауапкершілік сезімі пайда болды.

– Назарбаев университетінде тіл білу – ең басты қағидаттардың бірі. Қазіргі білім беру саласындағы ағылшын тілінің ролін қалай бағалайсыз?

– Бізде барлық пән, зерттеу жұмыстары мен пікірталастар тек ағылшын тілінде. Тіл білу – халықаралық академиялық ортаға жолдама алу деген сөз. Бұл дағды тек бір елдің емес, әлемдік деңгейдегі ғылыми жаңалықтармен, жобалармен танысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл өзге мәдениеттерді танудың және ой-өрісті кеңейту үшін үлкен мүмкіндік деп санаймын.

– Студенттік шақ тек білім алумен ғана емес, ерекше атмосферасымен әсерлі. Осы орайда сізден бізге қызық оқиға болса...

– Студенттік шақтағы ең маңызды дүние – орта. Қасындағы адамдар қандай болса, сенің алдағы 4 жылда дамуың да соған байланысты. Менің достарым мен топтастарым дамуға құштар жандар. Біз уақытымызды кітап талқылауға, бірге сабақ оқуға арнайтынбыз. Сонымен қатар бірге саяхаттап, еліміздің көрікті жерлерін араладық. Ертен сабақ оқыған аудитория емес, жаныңдағы адамдармен өткізген сәттер ғана есте қалады. Студенттерге айтарым – достарыңызбен уақытты пайдалы өткізіңіздер, бойыңызға тек жақсы қасиеттерді жинаңыздар.

– Жетістіктерің артында қиын сәттердің бары анық. Жалғыздық, қаржылық мәселе немесе «қолыңнан келмейді-ау» деген күдік болды ма? Мұндай кезде өзіңізді қалай жігерлендіріңіз?

– Иә, шынында мұндай сәт көп болды. Бірақ жанымда әрдайым қолдау беретін анам болды. «Оқу інменем құдық қазғандай, әзір қиын болады, бірақ сен бұл қиындықты бағындыра аласың» деп қолдау береді. Бағана атап өткенімдей, ортаның ықпалы байқалады. «Сен алдында осындай жетістікке жеттің, бұл сынақтанда өтетініне сенімдімін» деген сөздерді жиі естимін. Бәрі бірдей мінсіз бола бермейді. Қазір мен үлкен зерттеу жүргізіп жатырмын. Оның өзінде таңғы беске дейін жазып, мәтінді байқаусызда өшіріп алған кездерім де болған. Мұндай сәтте қиыншылық, бір жылап аласың, бірақ жағдайды қабылдап,



қайтадан іске көшесің. – «Қасында үш миллионер болса, төртіншісі сен боласың» деп айтып жатады. Сіздің оқиғаныңда әлеуметтік ортаның ролі қандай?

– Мен әрдайым «жанымда жақсы адамдар болса екен, тіпті олардың ішіндегі ең білімсізі мен-ақ болайыншы» деп тілеймін. Себебі айнала мықты болса, сен де соларға қарап бой түзейсің, жақсы әдеттерін бойыңа сіңіресің. Жақсы ортада жүрген адамның талабы да, талғамы да жоғары болады.

– Болашақта үздік университеттің студенті атанғысы келетін, ұстаздыққа қол тартатын жастарға қандай кеңес берер еліңіз?

– Біріншіден, тек теориямен шектелмей, практиканы қатар алып жүріңіздер. Тіпті бір ғана балаға сабақ берсеңіз де, ол – тәжірибе. Өз салаңыздың майталмандарымен сұқбаттасып,

жаңа технологияларды меңгеріңіз. Сабақты қалай қызықты өткізуге болады, баланы пәнге қалай ғашық етуге болады деген сұрақтарға жауап іздеңіздер. Ұстаздық, ең алдымен, мамандыққа және балаға деген махаббаттан басталады.

Екіншіден – нақты жоспар құрыңыз. Үздік университетте оқу үшін сіз де үздік болуыңыз шарт. Сіз мемлекетке не бере аласыз? Осы сұраққа жауап іздеңіз.

– Жас маман ретінде Қазақстанның білім беру саласына қандай өзгеріс әкелгіңіз келеді? Егер сізде білім жүйесіне бір өзгеріс қосуға мүмкіндік болса, ол не болар еді?

– Қазір жас мамандардың әл-ауқатын зерттеудемін. Осы зерттеулер нәтижесінде Қазақстанда білім беру салаларында оқып жатқан студенттердің 55%-ы жас мамандардың 25%-ы алдағы 5 жылда осы саланы тастап кетуді жоспарлаған. Сонымен қатар Қазақстандағы мамандардың 3%-ы ешқашан кері байланыс алмаған. Кейінгі 3%-ы жұмысында стресске ұшырайды екен. Өзімде жас маман болдым. Түрлі баламен жұмыс істедім. Сондықтан менің мүмкіндік болса, жас мамандарға түрлі психологиялық тренинг, семинар өткізер едім. Оларға кері байланыс беруді, мотивациясын бақылап отыруды енгізгіміз келеді.

– Сұқбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Мерей ШӘКРАТ

БАЛАҒА БАЛЫҚ ЕМЕС, ҚАРМАҚ БЕР

БҮГІНГІ КЕЙШКЕРІМІЗ «ЖАҚСЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУ ҮШІН БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ӨЗІМІЗДІ ТӘРБИЕЛЕУІМІЗ КЕРЕК» ДЕП СӨЗ БАСТАДЫ. ИӘ, ШӘКІРТ ТӘРБИЕЛЕУ ОҢАЙ ЖҰМЫС ЕМЕС. ДЕСЕ ДЕ АЛДЫНА КЕЛГЕН ЖЕТКІНШЕКТІ ӨЗ БАЛАСЫНДАЙ КӨРІП, БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕДЕ БАҚ СЫНАҒАНДА ТАҚЫМЫН ҚЫСЫП, БАР ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ТІЛЕЙТІН ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР БАР. СОЛАРДЫҢ БІРІ – ЕРНАР ИБРАЙ.



Апта басында сол жағалаудағы теннис орталығына барғанда дәл жаттығу кезінің үстінен түстік. Жас спортшылар жаттықтырушының нұсқауын мұқият орындауда. Жаттығу қыза түскен сайын балалар да ширақ қимылдай бастады. Бірі допты дәл бағыттауға тырысса, енді бірі жылдамдықпен жұмыс істеп жатыр.

– Ернар, баланы үстел теннисіне баулу кезінде, ең алдымен, неге мән бересің?

– Деннің саулығы. Иә, біз үшін бірінші кезекте баланың денсаулығы маңызды. Әрі қарай тенниске деген қызығушылығын арттырып, осы спорт түріне дағдыландырамыз. Алғашында жас спортшыны жеңіл жаттығулармен шұғылдандырып, кейін физикалық бағытқа көңіл бөлеміз. Сол арқылы баланы бірден күш түсіп кетуден сақтап, психологиялық тұрғыда алдын ала дайындаймыз.

– Орталықта қанша бала жаттығарды?

– Қазір 300-ге жуық спортшы жаттығады. Олардың ішінде түрлі олимпиадада елеулі жетістікке жетіп, бой көрсетіп жүргендері де біршама. Енді, жас ерекшелігіне тоқталсақ, 5 жастан 15 жасқа дейінгі аралықтағы балаларды ақысыз қабылдаймыз. Егер жас теннисші әрі қарай жаттығамын десе, 16 жасқа дейін тегін қатыса алады. Ал 16 жастан бастап ересектер тобына қосылады. Ал онда спортшылар ақылы түрде қатысып, шеберліктерін шындайды. Яғни келемін, үйренемін деген адамға есігіміз әрқашан айқара ашық. Ешкімге ешқандай шектеу жоқ.

– Теннис орталығының ашылғанына екі жыл болды. Осы аралықта шәкірттеріңіз де біршама бікті бағындырған болар...

– Қаламызда үстел теннисінің ашылғанына – бес жыл, ал осы орталықтың пайдалануға берілгеніне екі жылға жуықтады. Осы уақыт аралығында айтарлықтай жетістікке жетіп, өз таланттарымен қабілетімізді көрсете алдық. Артта қалған бес жыл біз үшін тарихи сәт болып қала бермек, себебі алғашқы жемістің дәмін сол кезде таттық. Нақтылап кетсем, Қазақстан чемпионатынан қыздарымыз команда болып III дәрежелі орынды иеленді, жұптық пен жеке тұлғаларда I, II дәрежелі орындарды қанжығамызға байлап жүрміз. Одан бөлек, бір оқушымыз спорт интернатына түссе, енді бірі халықаралық байқауларда жүлделі орын алып, беделімізді арттырып жатыр. Әр жаттықтырушы үшін барлық шәкіртінің орны бірдей, оларды жақсы көріп, мейіріммен қарайды. Мен үшін есте қалған сәт қалалық үстел теннисінен алғашқы медаль иеленгенімді. Иә, одан кейін де қанжығамыз майланды. Десе де бірінші жетістіктің орны бөлек. Сүйікті ісімен шұғылданатын әр адам үшін бұндай сәттер ерекше ыстық болатыны сөзсіз.

– Ал жетістікке жетіп, мықты спортшы болу үшін не істеу керек?

– Орынды сұрақ. Бірінші кезекте кімге болмасын табандылық қажет. Өзін алға сүйреп, жалқаулығын жеңе білген адам – қарсыласың да басып озады. Оқушыларымыз да соны талап етеміз. Еңбеккер болып, шыдамдылықты бойға

сіңірген спортшы ғана алға жылжиды. Жаттықтырушы ретінде балаларыма балық емес, қармақ беремін. Сол арқылы жеңістің оңайлықпен келмейтінін түсінес екен деймін.

– Алдағы уақытқа жоспарларыңыз қандай?

– Биыл облыста Қазақстан чемпионаты өтеді. Бұл біз үшін де, Сыр елі үшін де жауапты кезең. Себебі бұл – туған жердегі алғашқы чемпионат. Осы долада алтын иелену жас спортшыларымыз үшін үлкен мотивация болатын еді. Ал жеңісті жіберіп алмау үшін балаларым барлық назарын тенниске бұрып, жақсылап дайындау үстінде.

– Осы спортқа енді ғана аяқ басқан балаларға немесе ата-аналарға қандай кеңес бересің?

– Сөздің шыны керек, ата-аналардың 70%-ы баласын тенниске «балам бос отырып қалмаса екен», «телефонға тәуелділігін азайтсам» екен деген мақсатта әкеледі. Өрине бұл өкінішті жағдай. Балалардың зейіні қалта телефонына ауып бара жатқаны кімнің болса да өзегін ортейді. Міне, сол үшін ата-аналар баласын әртүрлі, үйірге беріп, назарын басқа бағытқа аударалы. Шамамен 30% ата-ана ғана баласының қабілетін байқап, осы спорт түріне баулиды. Ата-аналардың тарапына айтқым келетін ең бірінші кеңес – баладан аз уақыт ішінде жоғары нәтиже күтпес екен деймін. Себебі баланың бейімделуі мен сол спорт түріне деген қабілетін анықтау үшін кемінде бір жыл уақыт керек. Ал көп ата-ана бір немесе екі айдың ішінде баласынан жақсы нәтиже көрмесе, бұл спорттан ілгері қалдырады. Осылайша біраз баланың таланты жабық күйінде қалып кетуі мүмкін.

Қорытындылай келе айтарым, теннис – тек спорт емес, ол баланың мінезін қалыптастыратын үлкен мектеп. Мұнда тәртіп, еңбекқорлық, шыдамдылық секілді қасиеттер дамиды. Егер бала осы жолда табандылық танытса, кез келген жетістікке жете алады. Біз әр баланың бойындағы қабілетті ашып, дұрыс бағыт беру үшін бар күшімізді саламыз. Ең бастысы – бала мен ата-ананың сенімі және үздіксіз еңбек.

– Әңгімеңізге рақмет!

Ақбота ҚОЛҒАНАТ

ҰЛТ БІРЛІГІ – БОЛАШАҚ НЕГІЗІ

Бірлік – елдегі тұрақтылықтың бастауы. Бірліксіз ұлт, ұлтсыз мемлекет болмайды. Бүгінде көп ұлтты Қазақстанды әлем тәуелсіз мемлекет деп қана емес, ұлттарлық татулықтың мекені ретінде де таниды.

Тағдырдың жазуымен Қазақстанға қоныс аударған өзге ұлт өкілдері қазақ халқының дарқандығын, жылы құшағы мен қонақжайлылығын есте ұмытпайды. Бұл шарапат ел егемендігін алған алғашқы күннен бастап уақыт талабына сай бірігіп, асқар асуларды бағындыруға негіз болды. Тілі басқа болса да, тілегі бір, түрі басқа болса да, жүрегі бір отандастарымыз жұдырлықтай жұмылып, Қазақстанның өркендеуіне зор үлес қосты. Олар қоғамның барлық саласында еңбек етіп, игі бастамалардың жаршысы болды. Өлемдік додаларда көк байрақты желбіреткен М.Шайдаров, Д.Тен, О.Шишигина, А.Винокуров секілді спортшылардың жеңістері, Қазақстанның халық жазушысы Герольд Бельгердің бейбітшілік пен рухани келісімді дәріптеудегі еңбегі, сондай-ақ әртүрлі мамандық иелерінің өз саласын дамытуы дәлел бола алады.

Осындай көркем көріністің сыры неде? Ол – Ұлы Даламыздағы ұлттардың бірлігі, сыйластығы мен Отанға деген үйіспеншілігі! Біздің елімізде жүз отыздай ұлт пен ұлыстың мәдениетіне, дәстүріне, қадір-қасиетіне құрметпен қарап, қолдау көрсетудің арқасында қоғамда тұрақтылық, тыныштық, ынтымағы жарасқан берекелі тірлік орнады. Қазақстан әлемге ұлттар достығының озық үлгісін паш етті!

Жылдам өзгермелі қоғамда ұлт бірлігін берік ұстау маңызды десек, қауіп-



қатерлерге төтеп беруде, тыныштықты сақтауда Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі ерекше. Ассамблеяның зекті жанында қабылданған «Ұлт Бірлігі Доктринасы» – соның айғағы. Татулықтың тұғырнамасы іспетті осы құжатта: «Біздің ұлы мақсатымыз – этникалық шығу тегімізге қарамай бірігіп, Данқты Ұлтқа айналу және қолымызда тұрған ең бағалы құндылық – егемен, тәуелсіз Қазақстанды көзіміздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа аманат ету» деген жолдар уақыт талабына сай бірігудің, біртұтас ел болудың қажеттілігін айқындайды. Бізді жыл сайынғы 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі, басқа да атап өтетін дәстүрлері жақындастырып, керемет сезім сыйлайды. Сан ұлттың мәдени, рухани құндылықтарымен танысуға жол ашып, танымдымызды тереңдетеді. Бірлік күні мерекесі бірлігімізді нығайтып, ел бүтіндігін сақтайды, болашаққа нық қадам басуға жетелейді.

Жанеля СЕЙЛХАН,

Абай атындағы №138 орта мектебінің 11-сынып оқушысы Қызылорда қаласы Аялор аяулы

Нұрғали Ақылбеков: ҒЫЛЫМ ТҮТАС КӨЛІК ШЫҒАРМАЙ, БӨЛШЕГІН ШЫҒАРСА ДА ДАМИДЫ

Басы 1-бетте

– Нұрғали Иқрамулы, жас ғалымдар кеңесі немен айналысады? Құрамында міне, тыннан тұрған салған талант деп көрсетер жас ғалымдар бар шығар? Нәтиже қандай?

– Ең алдымен, өңірдегі жас ғалымдар кеңесі туралы айтайын. Кеңес 40 жасқа дейінгі ғалымдарды қамтиды. Ғылымның әр саласынан көзге түсіп жүрген белсенді ғалымдар бар. Міне, кеңестің мәні осы кезден-ақ түсініп отырған боларсыз. Біз әр түрлі саладағы мәселелерді қамтимыз. Мұнан бөлек, жас ғалымдарға кеңес береміз, ғылыми жобаларды рәсімдеу, оларды конкурса беру, ғылыми мақала мен патент жазу бағытында көмек береміз. Семинарлар мен шеберлік сағаттарын өткізіп тұрамыз. Әлем бір орнында тұрмайды. Ғылым да сол сияқты, үнемі дамуға болу керек. Біз ізімізден ерген жас ғалымдарға осыны айтып келеміз. Бағыт-бағдар береміз.

– Топты жарып жүрген жас ғалымдар бар ма? Олардың еңбектері қандай?

– Өрне ондай ғалымдар жетерлік. Мәселен, Қазан қаласында кандидаттық диссертациясын қорғаған Рахымжан Ахметханұлын айтуға болады. Қазір ол физика-химиялық талдау әдістері инженерлік бейіндегі зертханада аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Қазір ол дәрілік препараттардан да күшті заттарды



коректеніп жатыр. Тіпті түрлі дәлелдемелер келтіреді. Бұл – экологиялық катастрофа.

– Бізде ғылымға қаншалықты көңіл бөлінеді? Мемлекеттік деңгейдегі қолдаулар көңіліңізден шыға ма?

– Бұрын ғалымдар бос қалып, тіпті такси жүргізушісі болып кеткен де кез болды, иә... Сол уақытта қолын бір сілтеп, басқа салаға ауысып кеткендер де аз емес шығар... Қазір сіздің табысыңыз жеткілікті ме?

– Бес-алты жылдың көлемінде әлгі мен жоғарыда айтқан конкурстар жыл сайын өтетін болды. Ал оған дейін гранттық конкурстар тек үш жыл сайын болатын. Өткен адам жолы болып, ары қарай жүреді де, өтпеген адам қол қусырып қалып қоятын. Ол не басқа саладан нан табады, не келесі үш жылды күтеді. Сол уақытта айлық жалақы да мардымсыз еді. Ғылымда тек шыдамдылар қалды деп айтуға негіз бар. Қазір жағдай мүлдем басқаша. Айлық жалақы өсті, гранттық конкурстар жыл сайын өтетін болды. Ғылымға бөлінетін қаражат бұрын ішкі жалпы өнімнің 0,03%-ы болса, қазір 0,16%-ға дейін жетті. Едәуір айырмашылық бар. Әжептәуір алға жылжу, әжептәуір мүмкіндік.

2024 жылы Ұлттық ғылым академиясында ел Президенті жас ғалымдармен кездесті. Сол кезде Мемлекет басшысы он жас ғалымға пәтер кілтін табыс етті. Бұл тек Алматы мен Астана қалаларындағы ғалымдар еді... Негізі 200 жас ғалымға пәтер береді делінген, қалғаны конкурстық негізде баспанаға қол жеткізді.

– Қазір өзіңіз мүше болып отырған ҰҒА жас ғалымдар кеңесінің президентінің өзіне өңірлерден мүше болмайтын. Тек қана Алматы, Астана қалаларынан еді. Қазір өңірдегілер де мүше бола алады. Сол тәртізді пәтер алу бақытына өңірдегі ғалымдар да келуі мүмкін бе?

– Мен осы мәселені сала министрлігі мен жергілікті әкімдік тарапынан біздің университетте өткен кездесуде көтерген едім. Жергілікті жас ғалымдарға да қолдау керек, баспана беру керекін айттым. Сол кезде министрлік өкілі әкімдікке тапсырған еді. Бұл мәселе оң шешімін тауып, шешіліп қалуы да мүмкін. Үміт бар. Өйткені, қазір жергілікті әкімдіктерден ғылыми кеңестер ашылды. Бұл кеңесті тікелей Ұлттық ғылым академиясы бақылайды. Мүмкін, болашақта пәтер беру мәселесі шешіліп те қалатын шығар дегім сондықтан. Барлығы ғылыммен тікелей байланысты болып тұр.

Тағы бір айта кетерлігі, әкімдік жанынан ғылыми қоғамдық кеңестер ашылды дедім ғой. Қуанарлығы, ғылымды қаржыландыру көздері ашылып жатыр. Біз үшін бұл – үлкен қуаныш.



– Жапондар ғылымға ден қойып, «Toyota»-ны шығарды. АҚШ пен Қытай да сол бағытпен «iPhone»-ды шығарды. Ал біз ғылымға ден қойып, не шығардық? Не шығара аламыз?

– Біз көлік шығарамыз, телефон шығарамыз деп айта алмаймын. Бірақ біз солардың белгілі бір бөлігін шығаратын деңгейге жетсе те, сол – бізге үлкен олжа. Мысалы, академик Асқар Жұмаділдаев кездесуде «сен көлік шығармай-ақ қой, сен оның дөңгелегін шығар. Сол дөңгелектің кішкентай бір болтын шығар. Соның өзі – ғылым үшін үлкен жетістік» деген еді. Академиктен асып қайда барайын, сол кісінің сөзімен келесімін.

– Біз қазір қай деңгейіміз? Дөңгелекті немесе бұрандалы болтты шығардық па?

– Қазір бізде негізінен қолданыстағы бағытқа көп көңіл бөлінеді. Сіз зерттеу жүргізісіз, зерттеуіңізді коммерциализациялайсыз, өнім шығарып, оны табысқа айналдырасыз. Қазір іргелі ғылымнан қолданбалы ғылымға өтіп жатырмыз.

– Демек бір ғалым зерттеу нәтижесінде ерекше қасиеті бар сабын ойлап шығарды. Оны патенттеді. Содан кейін кәсіп аша ма, әлде кәсіпкерге бара ма?

– Кәсіпкерге барады.

– Яғни ғалым инвесторды өзі іздеп табады. Солай ма?

– Дәл солай. Кәсіпкерге барып, өзінің жобасын таныстырады. Егер кәсіпкердің қызығушылығы болса, онда әрі қарай өндіріске кетеді.

– Қазір ғалымдардың жобаларына қызығушылық танытып жүрген кәсіпкерлер көп пе?

– Олай айта алмаймын.

– Демек біз дұрыс бағытты таңдауымыз керек шығар... Аймақтың табиғи, климаттық ерекшелігі мен дәстүріне, кәсібіне қарай ауысуымыз керек шығар... Мәселен, өзіңіз айтып өткен Нұрбол Аппазовтың мұнай қалдықтарын қайта өңдеп, одан мұнай өндірген жобасы кәсіпкерді қызықтырды ғой... Мысалы, агроаймақпыз. Біздің өңірде мал шаруашылығы, ет бағытындағы мал шаруашылығымен айналысатындар көп. Бәлім, малды тез сөміртетін зиянсыз дәрумендер ойлап табуға болатын шығар... Сол тәртізді сүтті табиғи жолмен көбейтетін нұсқалар...

– Білесіз бе, ол үшін көп уақыт керек. Ғылым бір күнде, екі жылда жаңалық аша салмайды. Сіз бір жаңалықты ашу үшін он жыл немесе он бес жыл зерттеу жасауыңыз мүмкін. Бүгін мал шаруашылығы өңірде жақсы дамып тұрғанда ол дәрумен керек болуы мүмкін. Ал оны он бес жылда жасап шыққан кезде, ол өзінің қажеттілігін жоюы ықтимал. Оған сізге ешкім кепілдік бермейді. Ғылым – әрі нәзік, әрі күрделі сала.

– Мағыналы сұқбатыңызға рақмет.

Өңімелескен Дәулет ҚЫРДАН



синтездеумен айналысып жатыр. Археолог Ислам Құрманғалиев та – осындай мақтаулы азаматтардың бірі. Ол Жанкент көне қаласында экспедицияда болып, бізге дейінгі ата-бабамыздан әрі өмір кешкен жандардың тұрмыс-тіршілігімен таныстырып жүр. Көп ізденді. Қазір ел көлеміндегі, әлемдік деңгейде зерттеулер жүргізілуде. Оның ғылыми еңбектері әлемдік деңгейдегі ең мықты журналға, баспа құралына шықты. Осы күні ол әлемдік деңгейде жапондармен бірлесіп, зерттеу жасап жүр. Тағы бір ғалымды атар болсам, ол – Ерлан Шанбергенов. Ерлан GIS карталармен жұмыс істейді. Өңірдегі өзен-көлдердің карталарын дайындайды. Энциклопедия да дайындауда. Оның жары – биология ғылымдарының кандидаты, түрлі қызықты зерттеулермен айналысып жүрген ғалым. Урбанизацияланған жерлердегі жыртқыш құстарды зерттеп жатыр. Оның айтуынша, қазір қалалық аумақтағы жыртқыш құстар коқыс қалдықтарымен

– Ғылымға 2019 жылдан бастап, мемлекеттік деңгейде көптеп көңіл бөліне бастады. Бұл – бұған дейін ғылым қараусыз қалды деген сөз емес. Бұрын да қолдау болған. Ал 2019 жылдан бастап, арта түсті. Бізде гранттық қаржыландыру жобалары бар. Сол жобаларға тәжірибелі ғалым да, енді ғана ортаға ене бастаған ғалым да, барлығы қатыса беретін. Жетекші ғалым мен жас ғалым бір конкурста түссе, қаншалықты екенін өзіңіз түсіне беріңіз. Жас ғалымдар шетте қалып қойып жатты. Сол уақытта жас ғалымдар кеңесі тиісті басшылыққа арнаулы ұсыныс айтып, мәселені дәлелдеп, тек қана жас ғалымдарға арналған екі конкурсты алып берді. Міне, сол сәттен бастап, конкурста түскен жас ғалым «қасқырлармен» емес, өзінің деңгейіндегі ғалымдармен сайысқа түсе бастады. Бұл жас ғалымдарға үлкен мүмкіндік сыйлаған бастама еді... Жас ғалым өзінің алғашқы қадамымен келіп, кейін жетекші ғалымның көмегімен биікке қанат қаға түседі.

Елді мекендердің жоғын бүтіндей, кемшін тұсын жөндеп жүрген «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында өңірде ауқымды шаруалар атқарылуда. Бір ауылдың жолы жөнделсе, екіншісінің электр энергиясы қалыпқа келіп жатыр. Жеті жылдан бері жүзеге асып келе жатқан бағдарламаның тиімді тұсы көп.

Осы бағытта, 11 ауылдық елді мекеннің электрмен қамту жүйесі, 5 ауылдық елді мекеннің ауыз сумен қамту жүйесі қайта жаңартылып, 7 ауылдық елді мекен газдандырылды. Мұнан басқа 42 көше жарықтандырылса, 1 ауылдық елді мекенде абаттандыру жүргізіліп, 26 әлеуметтік нысанға жылы қазандығы жаңартылды, – дейді облыстық экономика және қаржы басқармасының, ауылдық аумақтарды және агроөнеркәсіп кешенін дамыту

«Ауыл – ел бесігі»: 7 жылда 515 жоба іске асырылды

Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту, ауыл тұрғындарының әлеуметтік, тұрмыстық ал ауқатын жақсарту мақсатында басталған жоба аясында 7 жыл ішінде облыстың 79 ауылдық елді мекенінде құны 58,3 млрд теңгеден асатын 515 жоба жүзеге асырылды. – Атап айтсақ, 2 мектептің жапсаржай құрылысы, 7 ауылдық клуб, 14 спорт кешені, 3 ауылдық дәрігерлік амбулатория құрылысы салынды. Сондай-ақ 15 білім нысаны, 5 ауылдық клуб, 10 дәрігерлік амбулатория және 5 спорт нысаны күрделі жөндеуден өткізілді.

бөлімінің басшысы Бахытжан Қожабекұлы. Сондай-ақ көлік инфрақұрылымын жақсарту мақсатында 64 ауылдық елді мекеннің көшелерін жаңғырту, күрделі жөндеу бойынша 352 жоба, 7 ауылдық елді мекеннің жаяу жүргіншілер жолын салу бойынша 9 жоба жүзеге асырылды. Билыға өтпелі кезеңмен жүзеге асырылатын 4 ауылдық елді мекеннің көшелерін күрделі жөндеу, 10 ауылдық елді мекеннің электрмен қамту жүйесін қайта жаңғырту, 2 ауылдық клубтың, 4 спорт кешенінің құрылысы салынууда.

«АЖ-ақпарат»



«Болашақ» университетінде ашық есік күні өтті

«Жарқын болашағыңның сәтті қадамын біздің «Болашақтан баста!» дейді «Болашақ» университетінің ұжымы. Университетте өткен ашық есік күнінде болашақтықтардың басты ұстанымы осы болды. Жинға қала мектептерінен ұстаздар мен оқушылар келіп, оқу орнының тыныс-тіршілігімен танысты.

Айгүл Жаханова оқушыларымен бірге Сералы Лапин атындағы №261 орта мектептен келді. Тінтерген келгеннен бері ғимарат ішін толық аралаған ол студенттерге барлық жағдай жасалғанына куә болғанын айтты.

– Оқушылар ғимараттың ең биік нүктесіне шықты. Керемет әсер алды. Ал арнаулы мамандықтарға арналған кабинеттер ше... Мұғалім біздің өзіміз қатты қызықтық. Жылыжайы ше... Балалар өз еңбектерімен нені не екенін ұғынып, шыңдалып өсіп келе жатыр. Тамаша. Спорт залының өзі не тұрады?! Бассейні де бар екен. Оқушыларыма қатты ұнанып да осы еді. Медицина саласына арналған бөлімімен де таныстық. Ақушерлік бөлім, хирургиялық бөлім медицина мамандығын тандап отырған оқушыларым үшін ерекше жағдай болды. Көп мағлұмат алдық. Балаларды таңдандыру қиын, бірақ осы жолы олар таңдай қақты, – дейді ұстаз.

Ұстазына ере келген шәкірті Ақсұмбе Әмірхан ІІ сыныпта оқиды. Ол бастауыш сынып мұғалімі боламын деп шешім қабылдапты.

– Университет маған қатты ұнады. Кабинеттері де ерекше. Әр мамандықтың өзіне арналған бөлмелері мені еріксіз тәтті етті, – дейді таңданысын жасырмай. Өңірдегі Тұрар Рысқұлов атындағы №222 орта мектеп директорының орынбасары Әдемі Кабылтаева да оқу ордасының заманауи кейіпте екенін, студенттердің мүмкіндігі мол екенін жеткізді.

– Кіргеннен бастап ерекше көңіл-күй, аураны сезіндік. Ғимараттың 14 қабатын



аралап шықтық. Мамандықтармен таныстық. Материалдық-техникалық базасы тәтті етті. Әсіресе жылыжай жұмысы ерекше ұнады. Көп жылыжайда тек қияр бар. Ал мұнда банан мен лимон да өсіп тұр. Тамаша ғой. Спорт кешенінің жұмысы да керемет. Жатақханасы да керемет әрі қолжетімді. Міне, 1200 орындық студенттер сарайына да келіп қалдық. Студенттердің өнері де ерекше екен, – дейді Әдемі Жорабекқызы.

Айтпақшы, оқу орнында түрлі грант қарастырылған. Тіпті белсенді студенттердің оқу ақысына жеңілдігі де бар. Мұның барлығы оқушыларға да ықпал етері сөзсіз. Мәселен, №212 мектеп-гимназияның ІІ сынып оқушысы Гүлім Әскербекқызы биология пәнін таңдапты. Мұнда келгенде оны қызықтырғаны – медицина саласына арналған кабинеттер.

– Иә, арнаулы кабинеттерді көріп, тандап отырған мамандығым деген таңдауым беки түсті. Көдімгі студент болып, іс-тәжірибеден өтіп жүрген мамандай сезіндім. Қолмен ұстап, көзбен көру – мың мәрте естігеннен әлдеқайда артық. Біз бүгін сондай бақытқа қол жеткіздік. Осындай мүмкіндік сыйлаған ұстаздарыма алғысым шексіз. Мақсатымызға қадамымыз қарқын ала түсті, – дейді ол.

Қонақтармен пікірлесуіміз ғимаратты аралап болып жатқан кез еді... Жыылған жұртшылық болып 1200 орынға арналған студенттер сарайында болашақтықтардың өнерін тамашалауға асықтық. Университет ректоры Гүлжахан Снапапова оқу орны жайлы мәліметті ортаға салды.

– Біздің оқу орнында студенттерге барлық жағдай жасалған. Өйткені бүгінгі қоғамда басты байлық – адами капитал. Демек біз тәрбиелеген әрбір шәкірт білікті маман болып шығуы керек. Ертен ел игілігіне еңбек еткенде ол өз ісінің шебері ретінде таныла дейміз. Біз соған күш саламыз. Заманауи мамандықтар бар, жаңа бағдарламалар бар. Ал материалдық-техникалық базамызды жаңа өздеріңіз көрдіңіздер. Оқушылық құрам да мықты. Мұндай ұстаздардан білім алған шәкірт бақытты. Студенттік шақ – адам баласының ең керемет кезеңі. Сол кезеңді біздің оқу орнында өткізіңіздер, – деді Гүлжахан Жұмашқызы.

Жыын соңы «Болашақ» университеті студенттерінің концертіне ұласты. Бірі-бірін толықтырған ән мен би – келген жұртшылықтың көңілін серпілтітті. Оқу ордасы жайлы бейнеролик арқылы да талапкер шәкірттерге көп мағлұмат берді.

Аяи СПАНДИЯР



ҰСТАВДАР ҰСТАХАНАСЫ

Басы 1-бетте

1932 жылы ашылған оқу орнын бүгінге дейін 27 286 түлек бітірген. Ал қазір 16 біліктілік бойынша 12 түрлі мамандықта болашақ 1753 мұғалім даярлап жатқан колледжде тәрбиесмен қатар талап та, біліммен бірге сапа да қатар жүреді. Осыдан болса керек, мұнда даярланған кадрларға сұраныс жоғары.

– Иә, бұл – үлкен мектеп, үлкен тәжірибе, әрі тарихи орын. Халық арасында «Ұстаздар ұстаханасы» деген де атау берілген. Себебі ұстаздар ұстаханасы ретінде білімімен, тәртібімен, сапасымен, талабымен ерекшеленеді. Педагогикалық мамандықты таңдап келген әр талапкерке студент атанғаннан кейін осы талаптың барлығы қойылады. Біз теория мен методикаға, сонымен қатар практикаға негізделген білім береміз. Осының барлығы ұштасып, кәсіби құзыретті маман даярлауға мүмкіндік береді. Еңбек нарығында біздің түлектердің бәсі биік, – дейді Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжіннің директоры Жаксығұл Тоғанова.

Түлектер жайлы айтқанда мұғалімдердің бойында ерекше мақтанш сезіледі. Себебі олардың қатарында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, еңбек сіңірген өнер қайраткерлері, халық әртісі, дзюдо күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, жасөспірімдер арасындағы олимпиаданың алтын медаль иегерлері, 517 ғылым кандидаты, 101 ғылым докторы мен профессорлар бар.

Қазіргі шәкірттері де осал емес. Атап айтқанда, олардың қатарында республикалық «Топ 100 студент» жобасының жеңімпаздары, халықаралық дрон-рейсинг жарыстарының жүлдегерлері бар. Сондай-ақ самбодан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының алтын медаль иегерлері, Азия чемпионатының спорт шебері атанған бокстан халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, «WorldSkills» чемпионатына қатысып, жүлделі орын-финалында әлем чемпионы атанған, республикалық дарға ие болған білім алушылар да бар. Сонымен қатар халықаралық және республикалық конкурстардың, түрлі хакатон мен пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары колледждің абыройын арттырып келеді.

Колледж Германия, Оңтүстік Корея, Чехия, Жапония мен АҚШ секілді білім саласына баса назар аударатын 12 мемлекетпен халықаралық ынтымақтастық орнатып, 260-тығыз жұмыстар жүргізіп келеді. Нәтижесінде 260-ден астам оқытушы халықаралық сертификат иегері атанған.

Білім ордасының 3 оқу ғимараты бар. №1 оқу ғимараты 1964 жылы, ал өнер бөлімі, яғни №2 ғимаратының іргесі 1973 жылы қаланған.

– Ғимараттар 2020 жылы күрделі жөнделуден өтті. 72 оқу кабинеті, 16 лаборатория, 6 шеберхана, дыбыс жазу спорт кешені, электронды кітапхана, дыбыс жазу және «Manshuk photo video» студиялары, «Тігін» шеберханасы, «Инклюзивті білім беру, логопедия», «Бастауыш педагогикасы мен әдістемесі», «Педагогика және психология», «Информатиканы оқыту әдістемесі» кабинеті және «Бағдарламалау графика» техника және метакеңістік», «Компьютерлік графика», зертханасы және «Manshuk IT HUB», «Coworking», «Құзыреттілік», «Тест» орталықтары мен асхана білім алушылардың игілігіне қызмет етеді, – деді директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлзира Бахадурова.

Оқу кабинеттері жайлы айтып жатқанда қасымыздағы аудиториядан құлаққа жағымды роботтың дауысы шықты. Сөйтсек, бұл – колледждегі «Логопедия және инклюзивті білім беру» кабинеті, ал дауыс «АтикМе» деген ақылды айнадан шыққан екен.

Кабинеттің мүмкіндіктерімен арнайы пән оқытушысы Мереке Жүсіпова таныстырды. Оның айтуынша, аудитория болашақ мамандардың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға арналған арнайы құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Студенттердің арасында зағип бала бар. Ол қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқиды. Сол студент үшін осы кабинеттен арнайы бұрыш ұйымдастырылған. Мұнда оның жеке әліпби, құлаққабы бар. Тапсырмалар мен емтихандарды осы жерде орындайды.

– Кабинетте балалардың ұсақ қол моторикасына шығармашылық қабілеті мен ойлау жүйесін дамытуға арналған заманауи құрылғылар орнатылған. Соның бірі – екі түрлі форматта жұмыс істейтін арнайы аппарат. Ол үстел және құм форматта қолданылады. Құммен жұмыс істеу кезінде баланың қиялы мен қол моторикасы дамыса, ал үстел форматында лексикалық тақырыптарға негізделген тапсырмалар арқылы сөйлеуі кешееуілдеген балалардың жас ерекшелігіне сай жаттығулар орындалады.

Сонымен қатар кабинетте дыбысты дұрыс қоюға арналған логопедиялық муляждар, арнайы зондтар және оларды заласыздандыратын құрылғылар қарастырылған. Әрбір құралдың өз қызметі бар. Мәселен, кейбір зондтар тіл бұлшықеттерінің тонусын реттеп, массаж жасауға қолданылса, енді бірі «р», «с», «ш» секілді дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуге көмектеседі.

Ал аудиториядағы ең қызықты құралдардың бірі – «АтикМе» деп аталатын ақылды айна. Бұл құрылғы арқылы балалар артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын орындайды. Қарапайым айнадан айырмашылығы – тапсырмалар ойын форматында беріліп, бала жаттығуды дұрыс немесе қате орындағанын бірден айтып отырады. Жүйеде 150-ден астам түрлі жаттығу қамтылған.

Айта кетерлігі, бұл оқу орны облыстағы колледждер арасында алғашқылардың бірі болып логопед мамандарын даярлауды қолға алған. Мамандарды оқыту бағдарламасы 2023 жылы ашылған. Оқу мерзімі – 2 жыл 10 ай. Биыл алғашқы түлектер түлеп ұшпақ.

Келесі аялдама – колледждегі құзыреттілік орталық. Есігін ашқан сәттен-ақ мұнда әдеттегі аудиториядан бөлек, шығармашылыққа толы ерекше атмосфера сезіледі. Түрлі көлеңер бұйым, түрлі түсті дидактикалық ойындар мен балаларға арналған көрнекіліктер бірден көзге түседі. Бұл – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері тәжірибе арқылы білім алатын орта.

Арнайы пән оқытушысы Айгерім Ысқакова орталықтың жұмысымен таныстырды. Оның айтуынша, мұнда мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша білім алатын студенттер үшін дуалды оқыту алаңы құрылған. Яғни теория мен тәжірибе қатар жүреді. Өндірістік оқу барысында студенттер тек дайын құралдарды қолданбайды, керісінше, балалармен жұмысқа қажет материалдардың көшілігін өз қолымен жасап үйренеді.

Солардың бірі – студенттердің өз қолымен жасаған мультфильмдері. Алдымен олар арнайы сценарий құрып, кейіпкерлердің макетін жасайды. Кейін шағын сахна дайындап, камера арқылы түсіріп, өз дауыстарымен дыбыстайды. Сонында бейнематериалды монтаждап, дайын мультфильмді YouTube платформасына жүктейді. Яғни студенттер болашақта балалардың қызығушылығын арттыру үшін заманауи медиақұралдарды да меңгеріп шығады.

Бөлменің бір бұрышында тағы бір ерекше құрылғы көзге түседі. Бұл – «ақылды еден». Экран іспетті еденге түрлі тапсырма мен сандар проекцияланып тұрады. Балалар сол жарықтағы белгілердің үстімен жүріп, секіріп, аяқпен немесе қолмен әрекет етіп, тапсырмаларды орындайды. Ойын арқылы олар санауды үйреніп, зейінін, қимыл үйлесімін және ойлау қабілетін дамытады.

Ал болашақ ағылшын тілі пәні мұғалімдері үшін лингвистика кабинеті таптырмас дүние. Мұнда студенттер шет тілін меңгерудің негізгі төрт дағдысын – тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылымды арнайы бағдарламалар арқылы жетілдіреді. Бұл кабинетте халықаралық IELTS емтиханына дайындық та жүргізіледі. Соның нәтижесінде жақсы көрсеткіш көрсеткен студенттер де бар. Мәселен Бауыржан Әбіл ағайдың біршама студенті IELTS емтиханынан 7 балл жинаған.

Колледж өмірінің қызығы тек аудиториямен шектелмейді. Мұнда студенттердің қоғамдық белсенділігі де ерекше байқалады. Белсенді жастармен де тілдесудің сәті түсті. Филология бөлімінің студенті Ұлжан Аманжолқызы колледждің тек білім ордасы ғана емес екенін атап өтті.

– Колледж тек диплом беретін орын емес. Бұл – адамның дамуына, өз қабілетін өзіне жаңа қырын ашатын беретін орта. Әр студент өзіне жаңа мүмкіндік қасиетті мекен десем артық емес, – дейді ол.

Ал Жайларман ойындарының белсенді Сұлтанжан Асылхан студент өміріндегі тепе-теңдік туралы айтты. – Сабакпен қатар белсенді студент ретінде түрлі жұмыс пен іс-шараларды ұйымдастыруды, қатысуды қатар алып жүруге болады. Иә, ретін тапсаң, бәріне боймайды, – деді Сұлтанжан Асылхан.

Шет тілдері бөлімінің 2 курс студенті Назерке де студенттік өмірінің белсенді, қызықты өтіп жатқанын мақтаншыпен айтып, мұғалім болу жүрегінің қалауы екенін жеткізді.

Иә, алты Алаштың басы қосылса, төр – мұғалімдікі. Бірақ педагогикаға жүрек қалауымен келмесең, бәрі бекер. Осы пікірімізді білім ордасының басшысы Жаксығұл апай толықтырды.

– Иә, таңдайтын мамандығыңды әуелі жақсы көріп, ең бастысы қалап келу керек. Көп жағдайда ата-ананың сөзіне еріп, өзіне ұнамайтын салаға баратын жастар көп. Иә, ата-ана балам жақсы болсын деп бағыт-бағдар береді. Бірақ баланың өз қалауы өте маңызды. Ал жан дүниенің егер етіп, балаларға сапалы білім халқым үшін еңбек етіп, сізден міндетті түрде нағыз ұстаз беремін десе, әрине, сонда ғана сапа да, нәтиже де болады шығады. Міне, сонда ғана сапа да, өзгенің насихатымен Егер педагог болмайтын бала, өзгенің насихатымен келсе, одан ертен ол талапкерден педагог қалау керек, – деп ойымен бөлісті.

Педагогикалық мамандықты жүрекпен қалау керек, – деп ойымен бөлісті. Келесі нысан – ақпараттық қауіпсіздік зертханасы мен Manshuk Hub. Мұнда «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығында білім алатын студенттер тәжірибелік жұмыстарын орындайды. Зертханада тек теориямен шектелмей, түрлі технологияларды пайдалану менгеріледі. Атап

айтқанда, веб-технологиялар, робототехника, 2D және 3D графика, анимация, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікке арналған арнайы бағдарламалармен жұмыс істейді. Біз барған сәтте студенттер дипломдық жұмысын әзірлеп отыр екен.

Жаңа корпусқа бет алғанымызда, дәліздің бір бөлмесінен әуезді әннің үні естілді. Бұл – музыкалық білім беру мамандығында білім алатын студенттердің дирижерлік сабағы екен. Ал кейінгі кабинетте – домбыра үйірмесі. Бұл үйірмені педагогикалық колледждің домбыра пәнінің мұғалімі Бауыржан Исламбек жүргізеді.

Ұстаздың айтуынша, студенттер үшін білім беру мамандығының студенттері үшін негізгі пәндердің бірі. Дегенмен үйірме тек осы бөліммен шектелмейді. Оған колледждің басқа мамандықтарында оқитын студенттер де белсенді қатысады. Қазір үйірмеде жүзге жуық студент бар.

Әр аудиторияда түрлі музыкалық сабақ өтіп жатыр. Соның ішінде Лаура Сейдалиева апай жүргізетін баян сыныбындағы атмосфера тіптен бөлек. Баян сыныбы аспаптармен толық жабдықталған, аспаптармен толық жабдықталған, аспаптармен толық жабдықталған оқу курсына және денгейіне қарай беріледі.

Сыныптағы ең сапалы аспаптардың бірі – «Опитек» маркалы баян. Дегенмен бұл аспапқа қол жеткізу студент түгілі, мамандардың өзіне бірдей бұйыра бермейтін кәсіби аспап көрінеді.


Ал шеберханада УФ-станок, лазерлі кесу аппараты, 3D принтерлер, баннер шығаратын құрылғы және футболка мен кепкеге баспа жасайтын техниканы көресіз. Мұнда ағаш, металл және түрлі бұйымға логотип жасап, кәдесый өнімдерін дайындайды. Сонымен қатар шеберханада құмыра жасайтын құрылғы да бар.

Колледждің жүрегі саналатын орындардың бірі – кітапхана. Мұнда студенттер білімін тереңдетіп, түрлі бағыттағы әдебиеттермен таныса алады. Кітапхана менгерушісі Зулфия ханымның айтуынша, қорда 128 534 кітап бар. Оның ішінде көркем әдебиеттен бастап, әлем әдебиетінің туындыларына дейін қамтылған.

Ал жатақханадағы жайлылық тіптен бөлек. Артық шығындауды қаламасаныз, колледж ұсынатын 248 орынға арналған тегін жатақхана пайдалансаңыз болады.

Міне, білікті кадр даярлап, ұстаз деген ұлы атқа лайық маман шығаратын қаламыздағы педагогикалық колледждің осын-тынсы-тіршілігі осын-дай. Айтпақшы, мұнда студенттерге арналған 21 үйірме, секция мен клубтар бар. Солардың бірі – «Ассорти» театры студенттер арасында «Тастама-шы, ана!» спектаклін ұйымдастырды. Ал бұл жайында келе-санда жазамыз.

Әлия
ТӘЖІБАЙ



23 сәуір – Ұлттық кітап күні қарсаңында кітап пен оқырман арасындағы алтын көпір саналатын кітапханалардың қоғамдағы орны ерекше айқындала түседі. Цифрландыру дәуірі дәстүрлі оқу мәдениетіне өзгеріс әкелгенімен, рухани құндылықтарға деген сұраныс бәсеңдеген жоқ. Осы орайда кітапхана ісінің бүгінгі жай-күйі мен болашағы туралы қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №12 кітапхананың директоры Гүлмира Шамсутдинқызымен сұхбат құрдық.

– Ұлттық кітап күні аясында құрылған жоспармен бөліссеніз. Айтулы күнге орай қандай іс-шаралар өтпек?

– 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай ауқымды іс-шара өткізуді жоспарлап отырмыз. Қаламыздағы барлық кітапхана бірігіп, ортақ бастама көтереді. Соның бірі – «Кітап оқу сағаты» акциясы. Бұл шараға өңірдегі оқу орындары мен мемлекеттік мекемелер белсенді түрде қатысады. Акция аясында кітапханалар көшпелі форматта жұмыс істеп, түрлі ұйымға барып, оқырманға кітап ұсынады. Бір сағат ішінде әр адам өзіне ұнаған кітапты таңдап, оқуға мүмкіндік алады. Егер кітап қызығушылық оятса, әрі қарай сол оқырманды кітапханаға тіркеп, тұрақты оқуға баулу көзделген. Басты мақсат – оқу мәдениетін жандандыру ғана емес, сонымен қатар бір мезетте 30 мың адамның кітап оқуына қол жеткізіп, Гиннестің рекордтар кітабына ену. Бұл – кітаптың қоғамдағы орнын тағы бір мәрте дәлелдеудің бір жолы.

– Қазіргі кітапханаларға қандай жаңашылықтар енгізіліп жатыр? Бұл салада цифрландыру мен Жасанды интеллект технологиялары қаншалықты қолданылуда?

– Бұрын біз ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау үшін дәстүрлі көрмелер ұйымдастырып келдік. Қазір заман талабына

Гүлмира РАХМЕТОВА:

АДАМЗАТ ТҮБІНДЕ КІТАПҚА ҚАЙТА ОРАЛАДЫ



сай жаңа тәсілдерге де көшіп жатырмыз. Соның ішінде цифрлық технологиялар Жасанды интеллект элементтері де қолданылуда. Дегенмен бұл технологияларды біз толық алмастырушы құрал ретінде емес, жұмысты жеңілдететін қосымша мүмкіндік ретінде қарастырамыз. Негізгі мазмұн мен рухани жұмыстың басым бөлігі әлі де кітапханашылардың өз еңбегімен жүзеге асады.

– Мемлекет тарапынан кітапханаларға көрсетіліп отырған қолдау деңгейі жеткілікті ме? Қандай тұстарда күшейту қажет деп ойлайсыз?

– Ең алдымен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғысымызды білдіреміз. Кейінгі жылдары кітапхана саласына деген көзқарас айтарлықтай өзгерді. Кітапханашылардың мәртебесі айқындалып, кәсіби мереке бекітілді. Сонымен қатар үш жылда жалақының айтарлықтай өсуі сала мамандары

үшін үлкен қолдау болды. Президенттің өңірге сапары барысында жаңа Ұлттық кітапхана ашу туралы бастама көтерілгені де – қуантарлық жаңалық. Бұл болашақта кітапсүйер қауым үшін маңызды мәдени орталыққа айналады деп сенеміз.

Дегенмен әлі де шешімін күтетін мәселелер бар. Атап айтқанда, кітапханаларға заманауи ғимараттар қажет. Оқырманға қолайлы, тартымды орта қалыптасса, кітапқа деген қызығушылық та арта түсер еді. Сонымен қатар балалар мен жастарға арналған жобаларды ұйымдастыруда мемлекеттен қосымша қолдау болса деген тілек бар.

– Жастардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру үшін кітапханалар қандай жаңа форматтарға көшуі керек? Әрбір қазақ баласы оқуы тиіс үш кітапты атап өтсеңіз.

– Жастардың қызығушылығы әртүрлі, сондықтан оларды кітапқа тарту оңай емес. Біз көбіне әдеби кештер, поэзиялық кездесулер, тақырыптық іс-шаралар арқылы олардың назарын аударуға тырысамыз. Әсіресе махаббат тақырыбындағы кештер жастар арасында жақсы қабылданады. Егер көркем әдебиетке қызығушылық төмен болса, жастарға өзін тануға көмектесетін сапалы психологиялық кітаптарды ұсынуға болады. Бірақ мұнда да іріктеу маңызды.

Ал әр қазақ баласы оқуы тиіс еңбектерге келсек, ең алдымен, Абайдың «Қара сөздері» ерекше орын алады. Бұл қанша уақыт өтсе

де өзектілігін жоғалтпайтын терең туынды. Сонымен қатар Бауыржан Момышұлының шығармалары жас ұрпаққа рух, тәрбие береді. Әсіресе ер балаларға оқуға кеңес берер едім. Үшінші кезекте – ертегілер. Себебі баланың дүниетанымы мен адамгершілік қасиеттері дәл осы ертегілер арқылы қалыптасады. Қазір ертегі оқып отырған баланы көрмейсің, бұл өрескел олқылық. Ертегі жаман дүниені үйретпейді, керісінше, бала ертегі оқу арқылы ақ пен қараны ажыратуға бейімделеді.

– Қазіргі кітаптардың сапасы мен мазмұны сізді қанағаттандыра ма? Нені өзгерту керек деп ойлайсыз?

– Қазір кітап шығаратындар көбейгенімен, мазмұн сапасы әрдайым көңілден шыға бермейді. Бұрын бір кітап жазу үлкен еңбек пен жауапкершілікті талап ететін. Ал қазір сападан гөрі санға мән берілетіндей көрінеді. Әрине сапалы дүниелер де бар, бірақ сирек. Сондықтан оқырмандарға классикалық, терең мазмұнды шығармаларды көбірек оқуға кеңес берер едім.

– Сіз үшін кітапхананың болашағы қандай? Ол қандай кеңістікке айналуы тиіс?

– Қанша жерден цифрландыру дәуірінде өмір сүрсек те, адамзат түбінде кітапқа қайта оралады. Себебі ғаламтордағы ақпараттың барлығы бірдей сенімді емес, ал кітап – сұрыпталған, дәлелденген білім көзі. Бүгінгі өзінде оқырмандар аз емес. Мысалы, біздің өңірдің өзінде кітапханаға тұрақты келетін 11 мыңға жуық оқырман бар. Ал өз бетінше кітап сатып алып оқитындар бұдан да көп екені анық. Сондықтан болашақ кітапханасы – тек кітап сақтайтын орын емес, білім мен руханияттың заманауи орталығы болуы тиіс. Кітап ешқашан өз құндылығын жоғалтпайды.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Нұршат
НЫШАНОВА

Барлық жұмыс пен үйдің тірлігі біткен, қол бос. Десе де сондай бос уақытта да жанымыздан смартфонды тастамаймыз. Ал бұрышта – шаң басқан кітап...


Ойлап қараңызшы, сонда кім кімнен жеңілді? Берген ақпараты мен білімі үшін ақы сұрамайтын кітап па, әлде виртуалды әлемнің тұзағына түскен адам ба?

Иә, біржақты шешім айту қиын.

Кітап оқитын оқырман бар, десе де «оқи алмаймын» дейтіндер де жеткілікті. Бірақ мәселе кітаптың күрделілігінде емес, көбіне адамның оқу дағдысының үзіліп қалуында секілді. Сонда кітап оқу үшін не істеу керек?

ОҚУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫН ДЕСЕҢІЗ...

Ең алдымен, кітап оқу – үлкен мақсат емес, күнделікті дағды екенін түсіну маңызды. Көп адам «уақыт тапсам оқимын» дейді. Бірақ шын мәнінде уақыт табылмайды, уақыт жоспарланады. Сондықтан күнделікті 10-15 минут болса да уақыт бөліп, оны тұрақты әдетке айналдыру қажет.



Кітап таңдауда да үлкен рөл бар. Бірден күрделі, мазмұны ауыр еңбектерден бастау адамның қызығушылығын жоғалтады. Одан гөрі жеңіл оқылатын, өзіне жақын тақырыптағы кітаптардан бастаған әлдеқайда тиімді.


Оқу барысында басты қағида – аз, бірақ тұрақты оқу. Күніне ұзақ уақыт оқудан гөрі, аз уақыт болса да күн сайын оқу нәтижелі. Бұл миға ақпаратты қабылдап, оны үйреншікті процесс ретінде бекітуге мүмкіндік береді.

Ал кітаптың мазмұнын ұмытпау үшін қарапайым тәсілдер жеткілікті. Әр бөлімнен кейін негізгі ойды қысқаша жазып отыру, өз сөзіңмен біреуге айтып беру немесе ең маңызды үш ойды түргіп алу – ақпаратты есте сақтаудың ең тиімді жолдары. Егер адам оқығанын түсіндіріп бере алса, ол оны шын мәнінде меңгергенін білдіреді. Сонымен қатар өзіне «не түсіндім?», «кітап не жайлы?» деген сұрақтар қойып, рефлексия жасаған да маңызды қадамның бірі.

Келесі – дұрыс назар аудару. Кітап оқып отырып смартфонға алаңдау – ақпараттың терең сіңуіне кедергі келтіреді. Сондықтан оқу уақытында мүмкіндігінше тыныш, ыңғайлы жерге барған дұрыс.

Осы қарапайым қағидалар сақталса, кітап оқу қиын процесс емес, керісінше күнделікті әдетке айналады.

Әлия ТӘЖІБАЙ



Кітап – адамның ішкі әлемін байытып, ой өрісін кеңейтетін ең сенімді серіктің бірі. Әсіресе бүгінгі ақпарат тасқыны күшейген заманда кітаптың орны бөлек екені жиі айтылады. Осы орайда кітап оқуды өмір салтына айналдырған жас буын өкілдерінің бірі – Ізбасар Әмірмен әңгімелестік.

КІТАП ОҚУ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰЛҒА

Ізбасар – небәрі 18 жаста. Жас болса да, біршама істі қатар алып жүрген ол бүгінде «Кітап құрттары» клубының жетекшісі, әрі «Зияткер» бағдарламасының жүргізушісі ретінде көпшілікке таныс. Жас оқырманның сөз саптауынан-ақ кітапқа деген ықыласы мен ішкі мәдениеті байқалады.

Оның айтуынша, кітапқа деген қызығушылығы бірден пайда болмаған. Тек 9-сыныпта қазақ әдебиетіндегі шығармаларды түсіне бастаған кезде бұл әлемге деген қызығушылығы оянған. Кейін қазақ әдебиетінен басталған бұл жол біртіндеп шетел әдебиетіне ұласқан. Қазір де сол ізденіс тоқтаған емес.

Кітап оқу әрдайым белгілі бір тәртіпке бағына бермейді. Кейде кітапқа деген қызығушылық бәсеңдеп кетсе, кейде керісінше, бір кітапты бірнеше күнде-ақ тауысатын сәттер болады. Мұнда ең маңыздысы – ішкі көңіл күй мен шабыт.

Ізбасардың өміріне әсер еткен шығармалардың қатарында әлемдік классика мен қазақ әдебиетінің туындылары бар. Ол Джек Лондонның «Мартин Иден» романын ерекше

атап өтті. Бұл шығарма арқылы ол көп жағдайда әдемі көрінетін арманның шынайы, кейде ауыр тұстарын түсінгенін жеткізеді. Ал Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» кітабындағы кейіпкерлер образы оған табандылық пен жауапкершіліктің мәнін тереңірек ұғындырған.

«Жастар кітап оқымайды» деген біржақты пікірге Ізбасар келіспейді. Оның сөзінше, бүгінде кітап оқитын жастар аз емес. Әртүрлі оқырман клубы, қауымдастықтар жұмыс істеп тұр. Дегенмен мәселені тек сын айту арқылы емес, жастарға сапалы, қызықты әдебиет ұсына білу арқылы шешуге болатынын алға тартады.

Кітап ұсыну жайында сөз болғанда, ол Кобо Абэнің «Құм ортасындағы әйел» шығармасын ерекше атады. Оның пікірінше, бұл шығарма өмірге басқа қырынан қарауға, тіпті адамның өз ойымен бетпе-бет қалуына себеп болады.

Жас оқырманның айтуынша, кітап оқу әрдайым белгілі бір тәртіпке бағына бермейді. Кейде кітапқа деген қызығушылық бәсеңдеп кетсе, кейде керісінше, бір кітапты бірнеше күнде-ақ тауысатын сәттер болады. Мұнда ең маңыздысы – ішкі көңіл күй мен шабыт.

Ізбасармен әңгімелескеннен кейін кітап оқудың тек уақыт өткізу емес, адамның өзін-өзі тануына апаратын жол



екені түсіндік. Бүгінгі жастар арасында осындай көзқарастағы оқырмандардың болуы – үміт ұялатады.

Иә, кітап – үнсіз ұстаз. Оны тыңдай білген адам ғана өз жолын таба алады.

Камилла САҒЫНДЫҚОВА

САЗДЫ ҒӘННИҢ СЫРЛЫ ТАРИХЫ



Суреттер ашық дереккөзден алынды

**Дударари-дудым,
Бір сен үшін тудым!
Шіркін-ай, Дудара-ри-дудым!**

Осы бір ән жолдарын естігенде, қазақ даласының кең тынысты әуені мен жүрекке жететін шынайы сезімі бірден көз алдына келеді.

«Дудар-ай» тек әуезді ән ғана емес, ол – махаббаттың, сағыныштың және тағдыр тәлкегінің көрінісі. Ғашықтарда махаббат тілі болады. Оны бірі – өлең жолдарымен, бірі – күймен жеткізсе, енді бірі – ән арқылы жеткізеді. Міне, «Дудар-ай» да содан туған махаббат символы.

Бұл туындының тарихы тереңде жатыр. ХХ ғасырдың басында қазақтың ән мұрасын жинаумен айналысқан зерттеуші Затаевич ел арасынан «Дудар-айдың» бірнеше нұсқасын жазып алған. Әннің әртүрлі адамнан жазылуы оның халық арасында кең таралғанын аңғартады. Ән баяу ғана «Мәриям Жағор деген орыс қызы» деп басталып, «Он алты-он жетіге келген кезі» деп үшінші бір тараптың қызы сипаттауымен жалғасады. Қызығы, әннің нағыз қазақ тілінде, ешқандай қоспасыз таза жазылғаны.

Мәриям орыс қызы болса, «Дудар-ай» қалай халық әніне тән нұсқалармен жасалғаны көпке сұрақ болды. Әннің бір нұсқасы Ғани Мұратбаевтан алынса, енді бірі Әміре Қашаубаев арқылы жеткен. Әміре атамның нұсқасындағы «Дудар-ай» тез жылдамдықпен айтылған. Профессор Жантас Жакыпов «Бұл әннің бізге жеткен, бүгінгі нұсқасы бастапқыдан әлдеқайда дамып, түрленген», – деп пікір білдірген. Оның айтуынша, «Дудар-ай» жай ән емес, талай жүректі тебіренгізіп, сазымен сананы жаулаған тамаша туынды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Жантас Жакыпов «Хабар» арнасының «Бір туынды тарихы» деректі фильмінде берген сұхбатында басынан өткен бір оқиғасымен бөлісті.

– «Дудар-айдың» кереметтілігін көзіммен көрдім. Пекиннің «Миньзу» деген университетінде штаттан тыс профессормын. Бір күні қонақ үйдегі көрші нөмірден аспап сүйемелдеуімен әндеткен әйел адамның даусын естідім. Күнде бір әнді қайталай берем. Бірнеше күннен кейін тағы әндете бастағанда құлағым таныс ырғақ келді. Өзіміздің «Дудар-айды» шырқап бастады. Орнымнан атып тұрып, өзімнің көмекшімді шақырдым. Қасымызға аудармашы жігітті ертіп, әлгі бөлмеге бардық. Америкадағы қытай қызы екен. Халықаралық ән байқауына қатысушылардың бірі. Ән репертуарынан халық әнімізді естіп, жүрегімізді мақтанш керней кетті», – дейді белгілі профессор.

Әннің мәтініне үңілсек, оқиға бірден кейіпкердің өз аузымен емес, сырттай баяндаумен басталады. Бұл – шығарманың авторы бар екенін аңғартатын маңызды белгі. Кейінгі шумақтарда Мәриям есімді қыздың ішкі жан дүниесі ашылып, оның қазақ жігітіне деген адал сезімі әсерлі жеткізіледі. Әсіресе «Қор болып бір жаманға кеткенімше Алдымнан қазулы көр табылсайшы!» деген жолдар қыздың сүйгені үшін бәріне дайын екенін білдіріп, әннің эмоциялық қуатын арттыра түседі.

Ел арасында ұзақ уақыт бойы бұл әнді Мәриямның өзі шығарған деген пікір айтылып келді. Алайда зерттеушілер мұнымен толық келіспейді. Өйткені әннің әуенді құрылымы мен диапазоны кәсіби деңгейдегі композиторлық шеберлікті қажет етеді. Белгілі композитор Евгений Брусиловский де бұл туындының табиғаты арқа әншілік мектебіне тән екенін атап өткен.

Кейінгі дерекке сүйенсек, «Дудар-айдың» шынайы авторы – Үлебай Әнетов екен. Ол – өз дәуірінде әншілік, серілік өнерімен танылған тұлға. Аңыз бойынша, Үлебай Дүйсен есімді досымен бірге жүріп, Мәриям есімді қызға ғашық болады. Қыздың таңдауы Дүйсенге түседі. Бірақ олардың қосылуы үшін түрлі кедергі кездесіп, екі жас біршама сыналған. Осы сәттерде Үлебай олардың арасындағы хаттарды өлеңмен жеткізіп, сол сезімнің өсерімен «Дудар-ай» әнін дүниеге әкелген делінеді.

Әсіресе, уақыт өте келе бұл ән халық жадында сақталып, ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналды. «Дудар-ай» – тек өткеннің естелігі емес, ол бүгінге дейін жеткен шынайы сезімнің үні.

Ақбота ҚОЛҒАНАТ



ТӘТТІДЕН БІР КҮН БАС ТАРТҚАНДА...

Шай ішсек те, ыдысқа шырын құйылса да тәтті тоқашты қасына «ерітіп» жүретіміз рас. Онсыз дастарханның сәні кірмес. Десе де бір күн болса да тәттіден бас тарта аласыз ба?

Өзіміздің де, қант қосылған тағамдарды жиі тұтынатынымызды байқап, ойда жоқта тәжірибе бастап кеттім.

Әдетте тәттіден толық бас тарту туралы ой келсе де, ол ұзаққа созылмайтын. Мойындаймын. Сондықтан бұл жолы «тек бір күн бас тартамын» деген шарт қойдым.

Таң атты, бұл уақытта барлығы жеңіл өтті. Ұйқың толық ашылмаған, асқазаның да оянбаған кез ғой, сондықтан танертенгілік жайылған дастарханда тәтті жеуді тіпті ойға алмадым.

Ал түскі үзілісте бір қасық қантты кесемен салып жібергенімді байқамай қалдым. Сол сәтте-ақ тәттінің қаншалықты үйреншікті әдетке айналғанын түсіндім. Бұрын ойланбай істелетін әрекет енді саналы түрде бақылауды талап етті. Осылай күннің бірінші жартысын өткердім. Бірақ сағат тілі түстен ауа бергенде тәттіге деген тәуелділік өз белгісін бере бастады. Әсіресе тамақтан кейін «бірден» жегің келеді екен. Бірақ шынығында бұл аштық емес, нақты бір тәттіге деген қалау ғой. Дәл осы сәтте тәтті жеудің тек физикалық емес, психологиялық әдет екенін байқадым. Ал сыртқа шыққанда дүкен сөрелеріндегі шоколадтар көзге бірден оттай басылды. Күннің ортасына қарай ашуланшақтық пайда бола бастады. Көңіл-күйім тұрақсызданды. Кішкентай дүниеге бірден ашуланып кеттім. Кейін ойланып қарасам, бұл да тәттіден бас тартудың әсері екен. Себебі ағза үйренген затын сұрайды.

Білесіздер ме, соған қарамастан, бір қызық өзгеріс байқадым. Тәтті жемеген сайын қарапайым тағамның дәмі анық сезіле бастайды екен. Шайдың өз дәмі, жемістердің табиғи тәттілігі бұрынғыдан ерекше сезілді.

Ал кешке қарай ең қиын сәттердің бірі болды. Күннің соңында өзіңді тәтті арқылы қуантқың келеді. Сол әдетпен күресу оңай болған жоқ. Бірақ өзіңді сәл тежесек, қолыңнан келеді.

Тәттінің жай ғана тағам емес, ол күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналып кеткенін түсіндім. Көңіл-күйге де, әдетке де әсер етеді. Бір күн болса да, тәтті жемеуге болады екен. Бірақ оның автоматты түрде болмайтынын ескеріп, әр сәтте саналы таңдау жасауға дағдыланған жөн.

Камилла САҒЫНДЫҚОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің
4-курс студенті



«Аққан жұлдызды көргенде, тілек тіле. Тілегің орындалады» дейді, сонда «аққан жұлдыз» деген не?

ЗҮ ЕТКЕН БІР ІЗ

Әуелі аспан әлеміне тоқталсақ, күн ұясына бағып, айналаны қараңғылық басқанда – түнгі аспанның көркі айқындала түседі. Жымыңдаған сансыз жұлдыз көк жүзін безендіріп, жер бетіне күміс сәулесін төгеді. Әсіресе бұлтсыз түнде аспанға көз салсаң, жарқыраған із қалдырып, бір шок жарық сәулесін зулап өткенін көресің. Міне, халық арасында мұны «аққан жұлдыз» деп атайды.

Ал ғылымға сүйенсек, аспандағы жұлдыздар – Күн секілді өзінен жарық пен жылу шашатын алып газ шары. Темірқазық, Сүмбіле, Үркер, Жетіқарақшы – бәрі бізден триллиондаған километр қашықтықта тұр. Егер сондай бір жұлдыз орнынан қозғалып, Жерге қарай құласа, адамзат қана емес, бүкіл Күн жүйесі жойылып кетер еді. Демек жұлдыздар ешқашан «ақпайды».

Біз «аққан жұлдыз» деп жүргеніміз – метеор. Күн жүйесінде үлкен планеталардан бөлек, оның айналасында ерісілі-қарсылы ұшып жүретін сансыз ұсақ тас пен ғарыш шары бар. Оларды «метеороидтар» дейді. Көлемі көбіне күм түйіріндей ғана болса да, Жердің тартылыс күшіне ілініп, атмосфераға секундтың 11-72 километрге дейінгі жылдамдықпен кіріп, ауамен үйкеліседі. Мұндайда лезде қызып, лапылдап жанып кетеді. Сол бірнеше секундтық жану процесі аспанда жіңішке жарық сызық қалдырады. Міне, біз айтып

жүрген «аққан жұлдыз» – осы.

Ғылымда бұл құбылыстың екі атауы бар: аспанда жанып, із қалдырып өте шығып, жерге жетпей кететінін – метеор, ал жанып үлгермей жер бетіне тас немесе темір күйінде түскенін – метеорит дейді. Жыл сайын Жерге 15 мың тоннаға жуық метеорит түседі. Бірақ көбі тозаңдай ғана болғандықтан, біз оны байқамаймыз. Ал көлемі үлкендері сирек құлағанымен, жер бетінде үлкен өзгеріс қалдырады. 2013 жылы Челябинск қаласының үстінде жарылған метеорит соның айқын дәлелі.

Аспанда қанша жұлдыз бар?

Бұл сұраққа адамзат ежелден бері жауап іздеген. Қазіргі заманауи телескоптар мен есептеулердің нәтижесінде біздің Құс жолы галактикамыздың өзінде 100 миллиардтан астам жұлдыз бар екені анықталған. Ал ашық түнде, қала шамынан аулақ, ауасы таза жерде қарапайым көзбен 2 мыңнан 5 мыңға дейін жұлдызды ғана көре аламыз. Қалғанын Хаббл секілді алып телескоптар ғана көрсетеді.

Ғалымдардың кейінгі есептеуіне сүйенсек, біз бақылай алатын әлемде шамамен 2 триллион галактика бар. Әрқайсысында орта есеппен 100 миллиард жұлдыздан болса, онда әлемдегі жұлдыздардың саны адам миы

қабылдай алмайтын цифрға жетеді. Жер шарындағы барлық күм түйірінен әлемдегі жұлдыздардың әлдеқайда көп екенін ескеріп, салыстыруға болады.

Жұлдыздар не үшін керек?

Ежелден адам баласы жұлдызға қарап жол тапқан. Теңізшілер Темірқазыққа қарап солтүстікті анықтаса, көшпенділер Үркердің тууына қарап жыл мезгілін болжаған. Жетіқарақшы шөміші түннің қай уағы екенін көрсеткен. Демек жұлдыздар – табиғаттың адамға берген табиғи компасы мен күнтізбесі.

Сонымен, «аққан жұлдыз» – жұлдыз емес. Ол – ғарыштың тозаны, Жердің атмосферасында жанып үлгерген кішкентай саяхатшы. Ғылым үшін бұл – физика заңдарына бағынатын табиғи құбылыс. Ал адам үшін – тоқтап, аспанға бір қарап, өзінің әлемдегі орнын түсінуге берілген сиқырлы сәт.

Келесі жолы түнгі аспанға қараңыз. Метеор зулап өтсе, тілек тіленіз. Өйткені армандау – адамға тән қасиет. Ал жұлдыздар...

Жұлдыздар – түннің сәні, ойдың қанаты, қиялдың көлігі. Олар бізге «Ғалам – шексіз, ал танымның шегі жоқ» деп сыбырлайтынды.

Мерейім ӘЛІБАТЫР

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Ақмешіт
ЖАСТАРЫ**

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №КЗ 32VРУ00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.

«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 5111
Тапсырыс: 674